



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№5
(837)

5 ақпан
2021 жыл

АҚЖОЛТАЙ

Газеттен гаджет
озған дәуірде
Атыраудағы
бір редакция
мақсатты
аудиторияға
баспасөзді
оқытудың амалын
тауыпты. Оқушы
түгілі, ересек
адамның өзі
газет оқудан
қалғалы қашан?!
Мектептегі
алғашқы
сабақтың газет
материалдарына
шолу жасаудан
басталуы,
шынында
да, ұрпақ
тәрбиесіндегі игі іс
болып отыр.



СҮЙІНШІ!

ОҚУШЫ ГАЗЕТ ОҚИ БАСТАДЫ

Атырау облысына қарасты Индер ауданының «Дендер» газеті мектеп оқушыларымен тікелей байланыс орнатып жатыр. Индерде мектеп оқушылары сабақты күнделікті газетке шолу жасаудан бастайды. Әзірге, «пилоттық режим» түрінде іске қосылған жоба бастауыш сыныптарды қамтып отыр. Карантин жағдайына байланысты, «Көктем» қазақ орта мектебінде кезекші сыныптарда оқитын балалар газетке шыққан жаңалық пен сұхбатқа, сараптама мен мақалаларға шолу жасайды. Мұғалім қойған сауалға жауап беріп, өз ойларымен бөліседі.

Индер аудандық «Дендер» газетінің бас редакторы Жанай Амантурлин: «Бұл жердегі мақсатымыз – жас

буын арасында оқу мәдениетін қалыптастыру. Оқу мәдениетін қалыптастыру және дамыту жөнінде Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасы бар. Екінші көздеп отырғанымыз – оқырман санын көбейту. Жастан кәріге дейін телефон мен гаджеттерге үнілген ақпараттық тасқын дәуірінде өмір сүріп жатырмыз десек те, кітап, газет берген терең білім көзін видео каналдар мен сайттардың алмастыра алмайтынын дәлелдегіміз келеді.

(Жалғасы 6-бетте)


ЕСТЕЛІК

Қолына стаканын ұстап вагон терезесіне қарап өз ойымен өзі отырған Қадыр ағам кемсеңдеп, жылап-ақ жібергені.

– Әкем марқұм мен есімді білгелі бері сырқат болды. Ауруханадан шығып аразында болған сәті өте сирек еді. Тіпті еміс-еміс қана есімде қалыпты. Өз дертімен арпалысқан ол байғұстың анам екеуімізге баспана тұрғызып беруге шамасы қайдан келсін!? Соғыстан кейінгі қиын-қыстау кезде бізге арнап үй тұрғызып берер ағайынның да жағдайы болмаған шығар. Қысқасы, анам марқұм екеуіміз өркімнің қора-қопсысында күнелттік. Иә, рас! Есімде қалғаны, сиыр, қой, ешкілердің тезегінің иісі, күйіс қайырған үндері. Өйткені солардың арасында ұйықтайтынбыз.

(Бұл туралы 7-беттен оқыңыздар)


ҚАДЫР АҒАНЫҢ КӨЗ ЖАСЫ



JQ – SARAP

TIKTOKER KIM OL?

НЕМЕСЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ
ҚАЛАЙ АРБАЙДЫ?



Неліктен қазіргі балалар далаға шығып, қардан ақ қала жасамайды? Неге доп қуып, суға шомылмайды? Асық атып, тай мініп жүргендерді де кездестірмейтін болдық. Бұрын біз асық атып, ләңгі тебетінбіз. Соқыртекке, көксәреке ойнайтынбыз. Атамыз бен әжеміздің ертегісін тыңдап, соларға үйіріліп, жанынан шықпаушы едік. Ал қазіргі балалар күні бойы ұялы телефоннан бас алмайды. Алысып-жұлысып жатқандарын да көрмейсің. Бүкіл әлем олар үшін алақандай телефонның ішіне еніп кеткендей. Оның үстіне, қонаққа барсаң да, сыртта жүрсең де, барлық баланың қолында бір смартфон.

(Жалғасы 3-бетте)

ЖУРНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУ



КҮЙШІ. КҮЙКІ ТІРЛІК

Екі көштің арасында біреу қоңырау шалды.
– Бауырым, амансың ба? Сені тілші деп естіп, хабарласып отырмын, – деді. Дауысы қоңыр, үні жағымды.
– Иә, аға, айта беріңіз. Тілшімін.

– Бір материалым бар еді, соны газетке шығарып бересің бе? Ақшасын төлейін. Қазір тегін ешнәрсе жоқ қой, – десін.
– Ақшаңыздың керегі жоқ. Ол қандай материал? Не туралы еді?
– Күйшімін ғой. Өнер туралы жазып едім. Күйшілердің елеусіз қалғанын, ешкімнің бізбен санаспайтынын жаздым. Күй өнерінің күйреп тұрғанын айттым.
– Өзекті тақырып екен. Мақалаңызды жіберіңіз.

(Жалғасы 5-бетте)



БИРЖАМЕТР



МУНАЙ (brent)
58,81



DOLLAR
422,52



EURO
510,5



РУБЛЬ
5,57



БИЛІК

Осы аптада Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті. Жиында еліміздің 2021-2025 жылдарға арналған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының басты бағыттары, сондай-ақ Қарулы күштерді қайта жарақтандыру мен қорғаныс өнеркәсібін дамыту жоспары қаралды. Біз Елбасының осы жиында айтқан сөзін оқырман назарына ұсынып отырмыз.

тұрақтылық, азаматтардың әл-ауқаты және әлеуметтік әділдік. Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы осы құндылықтарды қорғауға, биыл 30 жылдығын атап өтіп жатқан Тәуелсіздігімізді нығайтуға негізделген.

БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Биологиялық қауіпсіздік мәселесі күн тәртібінен ұзақ уақытқа дейін түспейді. Себебі инфекциялық және басқа да аурулар жаһандық сын-көтерлерге айналды. Биологиялық қауіпсіздік пен қоғамдық денсаулық

көтерлер сыртқы күштердің өзара тегекіресіне, Орталық Азия мен оның төңірегінде тұрақсыз аймақтардың құрылу мүмкіндігіне, террористік, радикалды, қылмыстық және басқа да іріткі салушы күштердің өмірде шоғырлануына байланысты.

Қарулы күштерді 2030 жылға дейін қайта жарақтандыру және қорғаныс өнеркәсібін дамыту тұжырымдамасы армияны жабдықтаудың ұзақ мерзімге арналған тәсілдерін айқындайды және жаңа технологиялық сын-көтерлерге сай келеді. Отандық қорғаныс өнеркәсібі — қорғаныс қабілетінің маңызды бөлігі, ол Қарулы күштердің сұранысына бағытталған.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

НАҒЫЗ ҚАУІП – ҰЛТТЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ӘЛЕУЕТІНІҢ ТӨМЕНДЕУІ



ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК АРХИТЕКТУРАСЫ

Біз біртұтас мемлекет және ұлт ретінде бетбұрыс кезеңіне келіп жеттік. Бұл өзгеріске коронавирус пандемиясы түрткі болды. Оның әсері алдағы онжылдыққа созылуы мүмкін. Қазірдің өзінде ұлттық қауіпсіздікке қатысты қалыптасқан сын-көтерлер трансформацияға ұшырап, асимметриялық әрі гибридік көтерлер туындап жатыр. Елімізде қазіргі жағдайға жауап бере алатын жаңа ұлттық қауіпсіздік архитектурасын жасау қажет.

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК СТРАТЕГИЯСЫ

Экономикалық, технологиялық, әлеуметтік ахуал мен сыртқы жағдайлар калай өзгерсе де, біздің ешқашан мызғымайтын ұлттық мүдделеріміз бар. Бұл — Қазақстанның егемендігі, аумақтық тұтастығы, бірлік, саяси

сақтау саласындағы басты қауіп-көтерлерге тойтарыс беру үшін тиімді шаралар маңызды.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАУІПСІЗДІК

Енді денсаулық сақтауға ұлттық қауіпсіздік пен әлеуметтік тұрақтылықтың негізгі бөлігі ретінде қарау керек. Пандемия кезінде әлеуметтік-экономикалық тежелістер болады. Ол — бірінші кезекте, халықтың табысының азаюы, өмірлердің, салалардың, қалалар мен ауылдардың арасындағы тенсіздіктердің өсуі. Бұл бағытта мақсатты түрде жұмыс істеу керек. Әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған тұрғындарға кешенді қолдау көрсету қажет.

СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ҚАУІПСІЗДІК

Ұлттық қауіпсіздіктің дәстүрлі түрлері — сыртқы және әскери қауіпсіздік. Мұндағы негізгі сын-

ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ – БІЛІМ МЕН ІЛІМ

Нағыз қауіп — минералдық-шикізат ресурстары бағасының құлдырауы емес, ұлттың интеллектуалдық әлеуетінің төмендеуі қауіпі. Бұл, бірінші кезекте, білім беруге қатысты. Біз осы сала бойынша дамыған елдерден әлі артта келеміз. Білім мен ілім таяу онжылдықта біздің ұлттық идеямыз болуы керек.

* * *

Нұрсұлтан Назарбаев Қарулы күштердің, басқа әскерлер мен күштік құрылымдардың әскери дайындық деңгейін көтеруге, аумақтық қорғаныс күштерін нығайтуға бағытталған бірқатар нақты тапсырма берді.

Жиында Қазақстан Республикасының жаңа Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының тұжырымдық ұстанымдары мақұлданды.

Әлеумет.t⁰

ПАРАСЫЗ БІР КҮН

«Басқарма басшысы бюджетке тиесілі 37 млн теңгені құрлымға жіберді. Шенеуіктердің мемлекетке келтірген зияны — 6,5 млрд теңге. Әкім мәселені «шешіп беріп», 100 мың долларды қалтасына басты».

(Соңғы күндері хабар-ошар құралдарында жарияланған ақпараттан)

Қақпақ қажет. Қазанға емес, қазынаға. Майлы жілікті ұстап, күн құрғатпай, Қаржыны қымқырып қалатын, ебін тауып, екі асап жымқырып қалатын атқамінер көп бүгінде. Араны ашылып, қанағат-шүкірін қашырып, шектен шыққан ашкөзге жұтып қою түк емес түйенің түгін де. Әу баста жүздеп, мындап алатын паракор қазір миллиондарды, миллиардтарды қалтаға басады. Тықыр таянса, жауапкершіліктен сытылуға, занның құрығынан құтылуға асығып, арам ақшаның барар жері - офшор іздеп шетке қашады. Қаптесердей тұмсығын терең батырып тартып жейтін, ынсап пен ұятқа пысырмай, айласын асырып қарпып жейтін құлқынқұмарға «Тарт қолыңды, қазынадан!» дейтін қырағы қақпақ қажет боп тұр.

Қақпақ емес-ау, қаржыны жөнімен жұмсауы тиіс жүйені шегендеп отыратын, ақша құрлымға кетпей тұрып түгендеп отыратын қатан бақылау керек боп тұр.

Шөп басын сындырмай, ұрлықпен мал тапқанды ашы сынмен түйреп отыратын, харам байлықтың баянсыз екенін ескертіп, «Теріс қылық, жаман әдеттен жирен» деп отыратын ақсақалдың аталы сөзі, қоғамның қырағы көзі қажет.

Жен ұшынан жалғасқан жиіркенішті әдетке бейжай қарамайтын, жан кинамай бауды жетістік деп санамайтын, паракорлықты аяусыз әшкерелеп, ел болып, қоғам болып күресетін ерік-жігер де керек біздің бұл іске.

Сонда ғана өзекке түскен жегіқұрттан арылатын, сұғанактың қолы қысқарып, жолы жабылатын парасыз күндерге, жемқорлықсыз жылдарға да жетерміз.



Срайыл СМАЙЫЛ

Аптаның ескертуі

Берік ДҮЙСЕМБИНОВ,
Мәжіліс депутаты:



«Құрметті Әсет Арманұлы (**Ә. Ерғалиев, ұлттық экономика министрі – ред.**) бүгін Мәжіліс қабырғасында сіз бірінші рет сөз алып отырсыз. Өзіңізге тілек білдіруге рұқсат етіңіз. Қазақ тілінде қойылған барлық сұрақтарға рұқсат сұрамастан, орысша жауап бересіз. Әрине, министр болғаныңыз үшін қуаныштымын. Өзіңіз біздің Тәуелсіздігімізбен құрдас екенсіз. Мен өз тіліңізде жауап бермеуіңіз ұят жағдай деп санаймын. Сондықтан сізге ескерту жасалады. Келесі көздесуде сұрақтарға ана тілінде жауап берсеңіз!».


Сөз-Жебе



Айқын ҚОҢЫРОВ,
Мәжіліс депутаты:

«Дамудың тағы бір маңызды жолы бар. Ол лайықты баспанаға қол жеткізу. Өз жерінде үй салу – отбасылық және әлеуметтік жағынан да материалдық әл-ауқаттың негізі. Бірақ мәселе мынада: орта санаттағы отбасын баспанамен қамтамасыз ету бойынша мақсат қойылмайды. Қалаларда жеке тұрғын үй құрылысы бойынша өркімнің 10 сотық жерге құқығы туралы қазіргі өреже орындалмай отыр. Оның жалғыз себебі бар. Мәселені шешуге ешкім де шындап кіріскен жоқ. Бұл инфрақұрылым немесе жердің жетіспеушілігінен емес. Оны жүзеге асыратындардың мүдделі болмауынан».

Сұрақ-жауап



Әсет ЕРҒАЛИЕВ,
ұлттық экономика министрі:

«Мәслихат депутаттары бес жылда бір рет арнайы оқытудан өтетін болады. Оқу мемлекеттік басқару академиясының бөлімшелерінде жүргізілмек. Бұл — белгілі академиялық бағдарламадан өту жөніндегі оқу. Бітірген соң арнайы диплом беріледі».

Нұрлан НЫҒМАТУЛИН,
Мәжіліс төрағасы:

«Бұл жастардың жақсы көретін әдетіне айналды. Бір жылдың ішінде 5 дипломнан алып, не істеп, не қойғанын өздері білмейді. 647 миллион? Дайындықтан өту және қайта даярлау нормасын белгілеу. Бұл нені білдіреді?».

Әсет ЕРҒАЛИЕВ,
ұлттық экономика министрі:

«Иә, депутаттар біліктілігін арттыратын болады»

Нұрлан

НЫҒМАТУЛИН, Мәжіліс төрағасы

«Қайталап сұраймын, бұл сонда қайта оқыту ма?»

Әсет ЕРҒАЛИЕВ,
ұлттық экономика министрі:

«Бұл — белгілі академиялық бағдарламадан өту жөніндегі оқу. Артында арнайы диплом беріледі».

Кесте



VACCINE-2021

Еліміз бойынша **2500 медицина қызметкері** екпе салдырды

АЛМАТЫ
360

ШЫМКЕНТ
180

НҰР-СҰЛТАН
145

(Басы 1-бетте)

Бала болып ойнағанды білмейтін, бала болып күлмейтін тұлымды ұл мен бұрымды қызыңыздың күнде қандай әлеуметтік желіде отырғанына мән беріп көрдіңіз бе? Әй, қайдам? Өйткені, қазіргі балалар – tiktok-тың тұтқынына айналған. Әлгі атақты қосымшаның өзінің ортақ биі мен әуені бар. Сол есірік әуен қосылса, құдды бір робот сияқты бірін-бірі қайталап жатқандары. Барша жанның назарын аударған осы желбуаз желі жайлы не білеміз? Контенті жұмбақ тиктоктың ішіне бүккен қандай құпиясы бар? Бүгінгі зерттеуімізде осы сұрақтарға жауап іздеп көрдік.

Індет басталғалы көпшіліктің көңілі осы арнаға бұрылды. Еңбектеген жастан, еңкейген кәріге дейін ұялы телефонда неше түрлі күлкілі видео түсіріп, жұртты бейжай қалдырмауда. Сонда бұл қосымшаның не күдіреті бар? Адамдарды несімен байлап алды?

Tiktok – видео түсіру және оны қарап тамашалайтын әлеуметтік желі. Бірі білсе, бірі білмес, дәл осы қосымшаның негізін бейжіндік «Byte Dance» компаниясы 2016 жылы құрыпты. Төрт жылдың ішінде 1 миллиардтан аса жүктелген бұл қосымша Whatsapp, Instagram, Facebook, Youtube сияқты әлеуметтік желілерді басып озды. Қайталап айтайық, осы күнге дейінгі әлемжелілердің бәрін шаң қаптырыпты. Қалай? Не құпиясы, қандай жұмбағы бар мұның? Желінің негізгі қолданушылары – 13-19 жас аралығындағы жасөспірімдер көрінеді. Сол себепті бұл желіге көпшілік аса мән бермейді екен. Мазмұны қандай, мақсаты не деген сұрақтарға ешкім бас қатырып отырған жоқ. Бірақ tiktok қолданушылары өте белсенді. Тіпті көптеген брендтердің назарын өзіне аударып, біршама маркетинг жасап үлгерген. Біз бұл қосымшаның жарнамасын жасап жатқан жоқпыз. Керісінше, мұның жастарға қандай зияны бар деген сұраққа жауап іздедік. Қазақтың tiktokер-лері кімдер?

Біздің Tiktokер-лер

Жаңа қосымшаның тілін қазақ жастары да тез меңгерген. 15-60 секундтық видео түсіріп, табыс көзін ғана емес, өздерін қарайтын көрермен де жинапты. Tiktokер қашықтан ақша табудың түрлі тәсілін көріп, басқа да әлеуметтік желіден оқырман жинауды жақсы меңгерген. Әр адамның талғамына қарай, Tiktok желісінен ойын-сауық видеоларды ғана емес, тіл үйрететін, спорт және т.с.с аккаунттарды көре аласыз. Мақсаты – оқырман жинау, атакты болудың жолын қарастыру. Атакты болудың жолында арзан видео түсіріп, ар-намысқа, ұятқа қарамай, тәуекелге баратындар да жоқ емес. Мысалы, «nikonet» деген атпен тіркелген жас жігіттің жүктеген видеосы, тіпті көруге тұрмайды. 1,1 миллион «оқырманы» бар әлгі хайпер аузына келгенді айтып, өзін желінің «жұлдызы» жасап алған. Тағы бір хайпер бар. Әлемжелідегі атын айту түгілі, жазудың өзі ұят. «qaraqatynqoltyqshash». 35-40 жастардағы әйел. Оның 400 мыңға жуық «оқырманы» бар екен. Ал оның түсірген видеосы әйел түгілі, ер адамға ерсі. Бұлар атын шығару үшін «жер өртеп» жүргендер.

Ал біздегі есі дұрыс контент жасап жүрген tiktokер-лер кімдер? Олардың танымалдылығы қаншылық? Енді осы сұрақтарға жауап іздеп көрсек. Алғашқы кейіпкеріміз – Элина.

homm9k



«homm9k» деген бүркеншік атпен танылған Элина есімді алматылық tiktokер-дің 10,5 млн көрермені бар. Әр видеосы 1-26 миллионнан аса қаралым жинайтын қыз өзінің сүйкімді мимикасымен көрермен тартуда. «Лүпіл» саны 130,2 миллионнан асыпты. Жарнамасын жасап отырған жоқпыз, бірақ бұл ерекше қызды Азия мен ТМД және Америка сияқты ел тұрғындары қарайды. Жастар

Элинаны үлгі етеді. Себебі ол келбетін қандай болса да, өз-өзінді сүю керектігін айтады. Tiktokер-дің тез қаралым жинауының сыры – эмоциялық видео, бет-әлпетімен әр түрлі қылық жасауында. Атакты tiktokер қыз «tiktok маған өз-өзімді сүюді үйретті. Артық салмағым мен бетімнің томпақтығы үшін неше түрлі кемсіту сөз естіп, мазакқа айналатынымын. Бұл желі менің жаратылысым қалай болса да, шынайы қабылдады. Көрермендерімнің саны күн санап өсіп жатыр. Сол үшін tiktok-қа бар уақытымды жұмсаймын!» депті. Жаксы, Элина ару қытайлық желіні жақсы контентпен жүргізіп жатқан шығар, бірақ жұрттың бәрі бірдей емес. Біреу мұны біліп түсіреді, біреу білмей от басып жүр...

Avdi

Бұрын казактан шыққан ұшқыш, ғалымдармен мақтанушы едік. Қазір сәл басқаша. Tiktokер немесе блогер, инстаграм жұлдыздарымен мақтанатын болғанбыз. Тағы бір tiktok жұлдызы – Әбдікадыр Наурызбек. Оның танымалдығына орай журналистер «Шопанчик» атап кетіпті.

Жамбыл облысының 15 жасар шопаны tiktok-та шокжұлдызға айналған. Күн сайын оқырман саны артып келе жатқан Avdi-дың қазір 2,2 млн жазылушысы мен 79,6 млн «лүпілі» бар екен. Індет кезінде үйде оқыған ол ауылына барыпты. Ауылда атасына қолғанат болып, күнделікті тіршілікті tiktok-қа түсіріп отырыпты. Ғаламторды ермек еткен баланы қазір бүкіл ТМД елдері таниды. Біз тағы да «қойшы баланың» жарнамасын жасап жатқан жоқпыз, бірақ барын айтып отырмыз.

Әбдікадыр 9-сыныпта оқиды. Көпбалалы отбасында өскен. Болашақта Алматыда тұрғысы келетінін айтып жүр. Avdi-дың tiktokер болуына себепші болған бірден-бір адам – оның атасы. Қой бағу, оны жайылымға шығару жас баланың сабағына кедергі келтірмейтін көрінеді. Оның көрермендері – өзі сияқты жасөспірімдер. Олар оны қарапайымдылығы үшін жақсы көріп, қарайды. Мәселен, Талдықорғанға барған сапарында 10 мыңнан астам жас балалар Avdi-ді көру үшін алаңға жиналады. Алайда полиция қызметкерлері карантин талабын бұзғаны үшін жас tiktokер-ді бөлімшеге алып кетіпті.



QOĞAM

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Tiktok House

«House» ағылшынның үй деген сөзінен алынған. Tiktokер-лер жиналып бір үйде тұрып, контент жасап, бірге видео түсіреді. Әр түрлі ойын ойнап, пранк жасап, басқа house-тардан өзгешеленуге тырысады. Көрермен назарын аудару үшін tiktokер-лер бір пәтерде немесе үйде бірге тұрады. Тіптен бізде пәтер жалдап, ақша табудың жолын қарастырған 10-15 шақты хаус бар. Ең көп қаралатын house-тардың басында «Bir House», «Yolo House», «Cord House», «Savage House», «Kex House», «Qor House» тұр.

Буыны қатпаған, көмелеттік жасқа толмаған балалардың үйінен шығып кетіп, ата-анасынан жырақта өмір сүруі – қалай айтсақ та түсініксіз дүние. Олар кімдермен, қандай жағдайда бірге тұрып жатыр? Немен айналысып жүр? Мұның бәрі ата-ана үшін жұмбақ. Ал әлгі тиктокерлер ақша тауып жүр дегенімізбен, алаканы ойылып еңбек етпеген соң не қайыр? Женіл жолмен ақша табу адамды шынықтырмайды. Керісінше, қиындыққа шыдамайтын бойкүйе, жалқау, масыл етеді. Бұл – өмір ақиқаты. Бірақ біздің жастар сол жеңіл жолға түсіп, «жортып» бара жатыр.



TIKTOKER KIM OL?



✚ МАМАН ПІКІРІ

Ержан МЫРЗАХМЕТ,
психолог:

БАЛАНЫҢ ЖАН- ДҮНИЕСІН БҰЗАДЫ

Былырдан бері ғаламтордың «жұлдызына» айналған бұл желі тек жастар арасында ғана емес, тіпті өнші-өртістердің арасында да танымалдылыққа ие болып тұр. Алайда бұл психикалық ауытқу тудыруы мүмкін. Жастар психикасы толық дамымағандықтан, кейде жақсы мен жаманды дұрыс ажырата алмайды. «Лүпіл» қойып, пікір жазып жатыр, сұраныс бар» деп ашық-шашық контент ұсынуы да мүмкін. Бұл жағы қазақтың ұлттық болмысына кереғар. «Мен қысқа бөлдемшемен түссем, көп қаралым жинайды екенмін, солай жасайын» деп желігу де қателік. Бірақ біздің тиктокелер соған баруда.

Кейбір шетелдерде ашық-шашық киініп, ерсі би билегендерімен, бірақ бұл бізге жат едет. Сол ұғым жастарды ұлап жатыр. Tiktok-қа құмар жасөспірімдер педофилдердің құрығына түсіп қалуы әбден мүмкін. Себебі беріміз білетіндей, бұл әлеуметтік желіні кішкентай балалар көп қолданады. Ата-аналар барынша сақ болғаны жөн. Балапандарының мінез-құлқының өзгеруін бақылап, психологиялық қауіпсіздігіне мән бергендері дұрыс.

Дереккөзі: stan.kz

✚ СЫРТ КӨЗ

Сара УИЛЬЯМС,
канадалық журналист:



ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚҰРТАДЫ

Індет басталғалы жұртпен бірге мен де Tiktok желісіне тіркелдім. Бірақ өзімнің tiktok-тан жоғары екенімді түсіндім. Алғашында, өзімнің жасымды мойындағым келмеген. Сол тұрғыдан видео түсіріп, бұл желі мені қайтадан қоғамдық ортаға алып келді. Дегенмен, өзімнің қалай тәуелді болғанымды аңғармай қалдым.

Бәрі ойлағандай басында мінсіз болып көрінген бұл желі соңында фитнес пен диетаның «дұшпанына» айналып шыға келді. Сөйтіп, артық салмақтан арылғысы келген адамдар зардап шегіп, әлі күнге дейін осы желінің зардабын тартуда.


Американдық медиа платформаның айтуынша, tiktok денсаулыққа орасан зиян әкелетін желі. Өзімнің байқағанымдай, бұл желіні қолданушылар 16-24 жас аралығындағы жасөспірімдер екен. Күнделікті жұлдыздордың мінсіз өмірін тамашалап, үйде жұмыс жасамайды. Солай бола тұра, тез арықтағысы келеді. Алайда tiktok адамның ас қорыту жүйесінің бұзылуына алып келетін өте қауіпті ақпарат портал болып отыр. Сонымен қатар «Мен күніге не жеймін?», «Қалай тамақтанамын?» деген атпен видео жүктеп, теріс ақпараттарымен басқалардың денсаулығын бұлдіруде. Мысалы, күні бойы қара сү ішіп қана арықтауға болады деп, өртүрлі видео жүктейтіндер де бар.

TikTok's for you деп аталатын парақша қазір өз жұмысын бастады. Бұл контенттерді сапалы, сапалы емес деп бөліп, оларды реттейді. Бірақ бұл тамақтану саласына қауіпті немесе қауіпті емес дегендерді табуға мүмкіндік бермейтін көрінеді. Демек, бұл парақша да тексерілмеген ақпаратпен миымызды былғауы мүмкін. Енді, ойлап көріңіз, қаншама адам дәл осы tiktok желісінен зиян, зардап шегуде?

Дереккөзі: thevarsity.ca

Зияны

Tiktok адамды өзіне «байлап», тәуелді етеді. Қосымшаға бір кірген адам 3-4 сағатын жоғалтуы мүмкін. Соның салдарынан көз, бел, мойын, омыртқа аурулары пайда болады. Tiktok та басқа желілер сияқты танымал жандардың мінсіз өмірін көрсетеді. Оны көрген қарапайым адам өзін солармен салыстырып, өз өміріне көңілі толмайды. Tiktok желісі үгіт-насихаттын қайнар көзі. Жастарға ЛГБТ (әдетте солай айтылады): көгілдір, біржыныстық, бижыныстық,



трансжыныстарды насихаттайды. Тіпті «қоғам сондайларға бейтарап көзбен қарауы керек» дегенді санамызға сіңіргісі келеді. Кейде tiktok сол ұғымды ұстануға шақырады. Бұл енді қытай қосымшасының бізге ғана емес, бүкіл әлем жастарына тигізіп жатқан зияны. Қыз мінезді жігіттердің көбеюінен алаңдап отырған біздің ел үшін бұл енді барып тұрған сорақы жағдай.

Айтпақшы, біз тиктокты жай ғана ойын-күлкі түсіретін жеңіл-желі деп ойлап жүрсек, мұның құрығы ұзын екен. Мәселен, жуырда Ресейде болған митингілерде жастар осы қосымша арқылы жаппай видео таратып, бір-бірін алаңға шақырды. Америка мен Үндістанның желбуаз желіден бас тартуының сыры сонда болу керек.

Бақытжан АМАНБОЛҚЫЗЫ, Тоғжан ӘБДЕШ,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университетінің студенттері



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

NARYQ

www.jasqazaq.kz

Тұрғын үй

Әдетте, жыл басында жылжымайтын мүлік нарығында баға сәл де болса түсуші еді. Биыл олай емес. Айталық, Алматыда біраз қымбаттады. Сірә, оған зейнетақы қорындағы қаржыны алуға рұқсат берілгені әсер етсе керек. Себебі үй бағасының өсуіне басқа негіз жоқ. Jas qazaq шаһардағы жылжымайтын мүлік нарығын барлап көрді.

ЖЕТКІЗБЕЙТІН САҒЫМ

Сату бөлімінен сүмірейіп шықтым. Анау-мынау емес, қаланың қак ортасында салынып жатқан тұрғын үй кешенінде нем бар еді? Бұл араға жол-жөнекей кіре алмайсың. Алдын ала қоңырау шалып, жазыласың. Соған қарап, топырлап жүргендер көп пе дейсін. Олай емес екен. Менеджер қыз сайрай жөнелді. Біз сұраған үш бөлмелі пәтер тек бірінші қабатта қалғанын айтты. Сосын бағасын. 70 млн (теңге, әрине). Оның үстіне, құрылыс аяқталып қалғандықтан, «100 пайыз төлем» деген шарты тағы бар. Ипотекаға аузынды ашпа! Қызық, 100 пайызды қолма-қол төлесе де, несиеге алса да, оларға бәрібір емес пе? Кәйтсе де, есепшотына түседі ғой.

«Бірінші қабат бізге жарамайды, басқа жоқ па, немене» дегендей сынай таныттым.

— Өкінішке қарай, бұл кешенде жоқ. Бәлкім, пәлен көшедегі?

Басымды шайкадым.

— «Түрлі-түсті бояулар»?

Мұрнымды тыржиттым.

— Онда «Аңыздан»?

Басымды изедім.

— Қанша?

— О-о, бұл әлдеқайда арзанға түсер еді. Шаршы метрі де көбірек. Небәрі 58 млн теңге. Ипотека бар.

— Отбасы банктен алсақ ше?

— Отбасы банк арқылы алсаңыз, кепілдікке жылжымайтын мүлік қоюыңыз керек.

— Үй қашан беріледі?

— Жыл соңында.

Алатын адам сияктанып, пәтердің жоспарын, бағасын қағазға шығартып алдым.

Далаға шыққан соң анадайда тұрған сары-жасыл ғимаратқа көз салдым. «Көрпене қарай көсілсеңші» деп шекесінен қарайтын сияқты ма? «Керек едің!» деп кекесінмен мырс еттім. Ертен құмырсқаның илеуіндей құжынаған кезінде келермін, бәлем.

Тоғыз жолдың торабындағы үйдің сұранысқа ие болатыны түсінікті. Бірақ салынып бітпей жатып, түгел дерлік сатылып кетуі мүмкін бе? Менеджер қыздың сөзінше, солай сияқты. Екіншіден, 90-нан сәл асатын шаршы метр үшін 70 млн теңге тым қымбат. Әлде бұл үйдің арматурасы алтыннан, шатыры күмістен бе екен? Айтпақшы, өткенде Қазақстан жылжымайтын мүлік федерациясының төрағасы Ермек Мүсірепов «жана кешендерде баға сәл қымбаттауы мүмкін, өйткені олар импортқа тәуелді» деп еді. Оның да әсер ететінін жокқа шығармаймыз. Дегенмен компанияның тәбеті тым күшті. Оның үстіне, салынып біткенге дейін бағасы әлі де өседі. Шаршы метрі 700 000 теңгеге жетуі мүмкін. Жұрт не үшін іргетасы қаланбай тұрып ақшасын салып тастайды дейсін? Әнебір жылдары талай үлескердің тақырға отырғаны содан. Бүгін де тәуекелге баратындар көп сияқты. Әйтпесе, 14-16 қабатты үш бірдей зәулім үйдегі пәтердің басым бөлігі сатылып кетті дегенге кім сенеді? Рас, ақша жасау үшін алып қоятындар бар. Әрлегені әрлеп, әйтпесе, былай-ақ, үстіне пәлен миллион қосып сатып жібереді. Бірақ қалада тұрғызылып жатқан тұрғын үй кешені аз емес. Әрқайсысында кемінде 300 пәтер. Одан да көп болуы мүмкін. Оның бәріне алыпсатар шак келе ме? Бәлкім, кілтипан басқада. Мәселен, терістік көршімізде осындай жана кешендегі пәтердің біраз бөлігін құрылыс компаниясына кіріккен фирмалар сатып алады. Кейін қымбатқа өткізеді. Бұл бір тәсіл. Тағы бір тәсілді жуырда түрік мамандары жайып салды. Олар сатып алушыларға: «Сақ болыңыз.

Бір ғана пәтер қалды деп сізді алдап, ең жаманын өткізіп жіберуі мүмкін» деген кеңес беріпті. Бізде бұл туралы ешкім жақ ашпайды. Тәуекелдің бәрі сатып алушының мойнында. Жалпы тұрғын үй нарығын реттейтін тетік жоқтың қасы. Бәсеке аз. Байқасақ, үлкен кешендерді негізінен алпауыт компаниялар тұрғызады. Бағаны да өздері белгілейді. Жарнамасына қарасан, қолына өздері ұстатып

СЫРЫ ДА, СЫНЫ ДА КЕТКЕН

Сонымен жарқыраған жана пәтер бізге қол емес екен. Екінші нарықтан іздесек қайтеді? Онда риэлторға жүгінуге тура келеді. Басқа-басқа, риэлтор Алматыда иттің басынан көп. Кептелістен қашып, орталықтағы үйлердің бірін таңдадым. Риэлтордың кеңсесі де сол маңда екен. Әжептәуір үлкен компания. Еркек-әйел толып отыр. «Сіз сұраған пәтер жолдың ар жағында» деп ұзын бойлы қара торы жігіт жол бастады. Аулаға кіріп келгеннен ығы-жығы көлікке көзім түсті. Басқа орын табылмағандай, қак ортасына 4-5 қокыс жәшігі қойылыпты. «Мына үйден алмаймын» деп бұрылып кете жазпап барып, тоқтадым. Жай ғана көру үшін келген жокпын ба?

Үйдің сырты ағал-жағал. Пәтер де ескірген, бөлмелері қуықтай. Соның өзіне 54 млн теңге сұрап тұр. Мұны жөндеудің өзіне пәленбай ақша керек.

АЛПАУЫТТЫҢ АРАНЫ

жіберетіндей. Жетіп келсең, сағым сияқты алыстай береді.

Осындай оймен тағы бір кешенге келдік. Бұл анаған қарағанда «су тегін» болуы тиіс. Тұрған жері тым жақсы болғанымен (Достық даңғылына таяу), кәдімгідей «көнерген» ғимарат. Қолдан-қолға өтіп, ұзақ жылдар қаңырап қалған. Ақырында жамап-жасқап, тұрғын үй есебінде сатуға бел байлапты.

Жөндеу жұмысын мойнына алған құрылыс компаниясы алғашқы бестікте. Қаланың әр түсында тұрғызып жатқан бірнеше кешені бар.

Мұнда да үш бөлмелі пәтердің бағасын сұрадық. Менеджер жігіттің жүзі жылы болғанымен, компьютерінен алып шыққан «цифрынан» мұз еседі. Ескі деп іштей менсінбей келген кешендегі пәтер бағасы да алдыңғымен шамалас болып шықты.

Мұнда да сол әуен. Төменгі қабатта ғана қалды, оның өзінде үйреншікті төрт бұрышты бөлмелер емес, дөңгеленген (*таба нанның*

жартысы сияқты) нұсқасы ғана қалыпты-мыс. Бағасы да жетісіп тұрған жоқ. 77 шаршы метр үш бөлмелі пәтердің қуны 47 млн теңгеден асады. Бірақ ипотека бар.

Хош, ақыры жорыққа шыққан екенбіз. Енді банкке соғайық. Осы жұрт несиені қалай алады екен?

Банктегі бойжеткен сарт-сұрт есептейді. Шарты да осал емес. Біріншіден, бұл банктен ипотека алу үшін айлығын өте жоғары болуы керек. Екіншіден, зейнетақы қорынан дәл осы кешенге ақша аударуға рұқсат берілуі неғайбыл. Банк келіскен күннің өзінде, ертенгі күні әлгі кешеннен ши шыкса (!), айыппұлды арқалайтын сатып алушы көрінеді. Әлгі «тұрып қалған тұрғын үй» осы банктің активінде болған. Құрылыс компаниясына басыбайлы өткен-өтпегені беймәлім. «Зейнетақы қорындағы қаржыны пайдалануға қатысты жауапты Ұлттық банктен күтіп отырмыз» деп қысқа қайырды менеджер қыз. Есеп-қисабына қарасан, еріксіз бағжан етесің. Пайызы алған несие сомасымен бірдей. Мәселен, алғашқы жарнаның 40 пайызын құйсан, банк 27 млн 300 мың теңге несие береді. Мерзімі — 240 ай, яғни 20 жыл. Ай сайын 230 мың төлеп тұрғанда, әлгі алған 27 млн 300 мың теңгенің үстіне 27 млн 777 мың теңге төлейсің. Ақырында алған пәтерің 75 миллионнан асып кетеді.

Сонымен бұл кешенге де «қол бұлғалық».

Осы орайда үлескер ретінде пәтер сатып алатындар үшін айта кетейік. Салынып жатқан кешен Тұрғын үйі сактандыру қорындағы тізімде болмаса, БЗЖҚ-ғы ақшаны пайдалануға рұқсат жоқ.

Шыққаннан кейін риэлтор баладан «мына пәтер шынымен өте ме» деп сұрадым. «Ой, тәте, сәтін салса, кез келген пәтер өтіп кетеді» деп жатыр. «Жұрт жанасын алғысы келеді, ал шындығында бұрынғы салынған үйлер мықты болады. Мәселен, «хрущевка» бар ғой, соның арматурасы берік. Ал қазір құрылыс материалдары сапасыз» деп зуылдатты бала. «Мына үйдің тұрған жері жақсы ғой» деп қосып қойды.

Солайы солай, бірақ бұл маңайдағы үйлер бір-біріне тым тығыз орналасыпты. Құрылысшы қауымға ерік берсе, бірінің үстіне бірін үйге беруден тайынбайтын сияқты. Әнебір 20 қабатты ғимарат кішкентай сары үйге төніп алыпты. Бір тәуірі, бұдан былай қала ішінде қалай болса солай құрылыс жүргізуге рұқсат етілмейді. Мұны Алматы өкімі былтыр бірнеше рет ескертті. Мұндай шешімді біз де қос қолдап құптаймыз. Қалаған тұсқа кешен салып, қымбатқа сатып үйренген алпауыттар енді қайтер екен? Қырық жылғы үйлерді бұзбаса, Алматыда бос жер жоқ.

Жуық маңдағы тағы бір пәтерге басқа риэлтор алып барды. Алдыңғымен салыстырғанда, ауласы имантаразы екен. Сәл кеңірек, ағашы көп, тыныш. Пәтер де жап-жақсы. Бұлар да 54 млн сұрап тұр. Құлды келісіп алғандай. Жөндеу жұмысын, банктен алатын ипотекалды қосқанда (*әйтпесе, қолма-қол санап беретіндер кемде-кем*) түпкі бағасы 70 миллионнан асуы да мүмкін. Риэлтор бала «үй қымбаттап жатыр» деп қармақты тастап қойды. Бұл да бір психологиялық әдіс болар. Өйткені ол пәтердің сатылуына мүдделі. Мәселен, 50 млн теңгеге сатылса, ол екі жактан да 500 000 алады.

Неге екенін, екі риэлтор да содан кейін хабарласқан жоқ.

Әрине, әркім қалтасына қарайды. Шет аудандарда әлгіндей пәтерді анағұрлым арзанға сатып алуға болады. Біз орталықтағы, ең қымбат ауданды қаралық. Құрылыс компаниялары мен жеке адамдардың аранын салыстырып көрдік. Алдыңғысы ұлтарақтай жерге көпқабатты үй салып, мол пайдаға кенелгісі келеді. Кешенін «бизнес, комфорт, элит» деп бөліп тастайды. Бұлардан мемлекеттік бағдарламамен ала алмайсың. Сапасы дұрыстау болуы мүмкін, бірақ оған да кепілдік жоқ.

Екінші нарықтағы үйдің месі де қалыспайды. Салыстырып көрсек, 50 миллион теңгеге Анталияда үш бөлмелі пәтер сатып алуға болады. Ал бізде 30-40 жыл бұрын салынған, «біткен» баспанаға 50 млн сұрайды.

Осы аптала «асықпандар, нарықтағы дүрбелен басылсын» деген кеңес айтылды. Біздіңше, «қызу» басылғанда да, баға соншалықты арзандай қоймайды. Өйткені тұрғын үй нарығындағы баға зейнетақы қорындағы ақшаға тіреліп тұрған жоқ. Мәселе, аранның ашыла түсуінде.

Гүлнар АХМЕТОВА

Түйткіл

КӨКШЕДЕ

ЖҰРТ ГАЗ БАЛЛОН ТАСЫП ЖҮР

Елден келген Есенбай облыс орталығындағы Центральный мөлтекауданынан үш бөлмелі үй алғанда төбесі көкке бір-ак елі жетпей қалғандай қуанған. Олай болмағанда ше? Тіршіліктің барлық түйткілі табан астында шешіліп, жұмақтың төрінде отыратындай күй кешкен. Енді жаратқан ие жар болса, ауылдағы азаптан біржола құтыламын деп ойлаған. Бұл ауылдағы тіршілікті қойсаңшы, отынмен кіріп, күлмен шығасың. Қала тіршілігі ғажап қой деп болжаған. Отын-суы іште, асты тақтай, үсті тақтай, ортасы сылдырмақтай.

Сөйтсе, мұнда да жаған жайлауға кететін жағдай жоқ екен. Ауыз су ішуге жарамайды. Кранды бұрап қалсаң, ауылдағы томардың суындай, қокым-соқым араласқан, түсінен адам шошитын әлдене ағады. Әйтеуір, қанжылым жылуы бар. Ең қиыны — газ. Баяғыда аттан құлап, оң жамбасын опырып алғалы ақсап басатын Есенбайға 8-қабатқа газ баллонын көтеріп шығу азаптың азабы. 4-қабатқа жеткен соң баспалдақты санай бастайды. Бір, екі, үш... Оң жақ ағын сүйретіп басатын Есенбай үшін 8-қабатқа көтерілу деген биік шыңды бағындырғанмен бірдей.

Өткенде оразала ауылға барғанда қара қоныста көше алмай қалған құрдастарына мақтанған. Сол сөзінің жартысы өтірік. Қазір қайтадан ауылға көшкісі келіп жүр. Жер үйі тұрса, дәл мынандай жер болмайды ғой.

Көкшетау қаласындағы орталықтандырылған газ тарату қондырғылары орнатылған 645 көпқабатты тұрғын үйде 37 мың тұтынушы тұрады екен. Солардың тек 14,7 пайызы ғана орталықтандырылған көгілдір отынмен қамтылып отыр. Демек көпшіліктің көрген күні осы. Есенбай сияқты ақсақ емес, аяқ-қолы балғадай адамның өзіне жоғары қабатқа газ баллонын шығару машақат. Бұл қолайсыз жайдың орын алғанына да біраз болып қалды. Қалада көптен тұратындардың айтуына қарағанда, осы түйткіл Тәуелсіздіктің өзімен құрдас. Ал қашан шешілетінін әзірге ешкім білмейді. Түнеукүні Есенбайдың көршісі базарда отыратын сыған кемпірге бал аштырған екен, ол көріпкел жүз жыл депті. Енді жүз жылдан соң, газ үйіме келіп тұрады. Әлгі көршісі өзі түгіл немерелерінің газ баллонын арқалап жүретінін естігенде, сыған кемпіріне қазақшалап «жағыңа жылан жұмыртқаласын» десе керек.

Азапты әбден тартқан Есенбай жанадан салынып жатқан үйлердің бірінен пәтер алмақшы болған. Сөйтсе, оларда да газ құбыры тартылмаған екен ғой. Қазір ауладағы бұрынғы көгілдір отын тарататын құрылғы қирай қаусап, үйінді болып, үйіліп жатыр. Өтпелі кезеннің өкпек желі тас-талқанын шығарған. Құрылғы желісін де пәтер иелері жөндеу жұмыстарын жасаған кезде кесіп-кесіп тастапты. Шамасы көгілдір отыннан әбден күдер үзген болуы керек. Өткенде Есенбай етігін қағып-қағып, қала әкімдігінің табалдырығынан аттаған. Ондағы шокпардай галстук таккан шенеуніктердің айтуына қарағанда, құрдымға кеткен құрылғыларды қайтадан қалпына келтіруге қаражат тапшы көрінеді. Бірнеше мәрте тендер өткізіліпті. Бірақ осы шаруаны тап-тұйнақтай етіп істеп берейінші деп ұмтылып отырған кәсіпкер жоқ.

Біріншіден, осыдан 25-30 жыл бұрын қирап қалған дүниенің иесін іздеп табу керек. Ол енді сонарда аң қаққандай дүние. Тапқан соң әділет басқармасында тіркету қажет. Көкшетау қаласы әкімінің орынбасары Ермек Төлеуовтың айтуынша, кәсіпкер атаулы көне, қираған құрылғылардың арзандауын тосып отыр. Дәл қазір облыс орталығындағы 240 газ тарату қондырғысының 99-ы жұмыс істемейді. Ел ақылды қала, ақылды үй салып жатқанда Көкшетаудың қарақұрым тұрғындары қарапайым, ешбір жаналық ойлап табуды қажет етпейтін газ тарату құрылғыларын қайтадан қалпына келтіре алмай қара басып отыр.



Көкшетау тұрғыны Береке Қантаев: «Васильковка шағынауданындағы көпқабатты үйде тұрамын. Газ құрылғысы істен шыққалы табаны құрқектей жиырма бес жыл өтті. Алғаш осы үй салынып, пайдалануға берілгенде игілігін ел көріп отыр еді. Өтпелі кезеннің қиын уақытында көгілдір отын беру сап тиылды да, құрылғылар керексіз болып қалды. Алғашқы бетте қала тұрғындары газ баллондарын қапқа салып таситын, қазір оны да қойдық Құдды бомбаның үстінде отырғандай күй кешудеміз, – дейді.

Қауіпті екені рас. Желтоқсан айының соңында Васильковка шағынауданында оқыс оқиға болып, бір пәтерде газ баллоны жарылды. Жарылыстың кесірінен 8 адам жарақат алды. Тағы екі қыз бала өмірден озды. Қауіпті емей немене?!

Ақмола облысы орталығындағы көпқабатты тұрғын үйлердің 60 пайыздан астамы ереже бұзып, газ баллонын пайдаланып отырғанын екпін түсіріп айтуға тиістіміз. «Жаман айтпай, жақсы жоқ» демекші, сақтық керек-ақ. Қаладағы көпқабатты үйлердің асты толған дәмхана, сырахана, сондай-ақ халыққа қызмет көрсету ұжымдары. Солардың барлығы күнделікті тіршілігінде газ баллонын пайдаланады. Әлдекімнің салғырттығынан, не ұмытшақтығынан оқыс оқиға болса қайтеміз? Кінәні кімнен көреміз? Біздің атқамінерлер ши шыққанша, бір пәтер емес, тұтас бір үй жарылып кетпей, саусағын қимылдатпайды.

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

Инфографика



(Басы 1-бетте)

Бакытбек Әлдиев деген домбырашымен осылай таныстым. Ол бір күннен кейін материалын жіберді. Бірді айтып, бірге кеткен. Бірақ өзегі бар. Күй өнерін ұлықтап жүрген күйшілердің бағаланбай жатқанын, тіпті олардың сайда саны, құмда ізі калмағанын, жақсы күйшілердің атаусыз, іздеусіз жүргенін айтып, қазақ өнерінің

отырғанымды сезген үй иесі: «Көріп болдың ба?» дегендей мені күтіп тұр екен. Ыңғайсызданып калдым.

Аман-сәлемнен кейінгі бірінші сұрағым: «Осында тұрасыз ба?» депін. Жөпелдеме ауыма басқа сөз түспей қалды.

— Иә, осында тұрамын. Неге сонша таң қалдыңыз? — деді. Тағы да ыңғайсыз күйге түстім.

— Бауырым, неге үрпіп тұрғаныңды түсінемін. Бұл есі дұрыс адам тұратын жер емес. Қора ғой, қора. Бірақ мұнда мен сияқты мүсәпірлер тұрады. Кайтеміз, Алланың басқа салғаны осы, — деп ернеуі сынық

— деп күйді бір қайырды. Үлкен ұлы 26-да, кішісі 20 жаста екен. Екі қыздың үлкені — 22-де, кішісі 11-де. Балалары Есік қаласындағы саяжайлардың бірінде, балдызының үйінде тұратын көрінеді. Өзімен бірге төрт баланы қалай ертіп жүрсін. Оның үстіне, мынадай тар кепеге кім сыяды? Осының өзін 30 мың теңгеге жалдап отыр. Суды тасып ішеді. Газды балонмен сатып алады. Қаланың қак ортасында тұрса да, өркениеттен жырақ өмір.

— Бір басымда 11 несием бар. Бала-шағама да апта сайын тамағына, киіміне, жүріс-тұрысына ақша керек. Сондықтан күндіз-түні жұмыс істеймін. Ақша жеткізе алмай кеткенде, өмірден түнілемін. Бірақ амалым жоқ. Балаларымды жеткізіуім керек, — деді.

Бакытбек Әлдиевті күзетші деп отырсам, үстел үстіндегі музыка оқулығын көрсетіп, Талғар ауданының Белбұлақ ауылындағы мектепте музыкадан сабақ беретінін айтты. Ұстаздық қызметі үшін 100 мың теңге, күзетшілігіне 60 мың теңге айлық алады екен.

Әңгімемізді есік қағып, босағадан жарты денесімен енген жетпістердегі кейуана бұзып жіберді.

— Бакытбек, бүгін 1 февраль болды. Ақшанды қашан бересің? — десін келе сала.

— Ертең, ертең кешке тауып беремін,

— деп жатыр бұл кісі. Шикылдақ есігін жауып, орнына жайғасып жатып: «Тағы бір несиеге кіретін болдым» деді жеңіл күрсініп.

— Here?

— Мектептегі айлығым 15-інен кейін, күзеттін ақшасы да сол жиырмасына қарай түседі. Оған дейін апам *(үй иесін айтып отыр)* күтпейді. Бұдан арзан үй таппаймын ғой. Сондықтан ертең тағы бір «мини кредит» алуым керек. Басқа амалым жоқ. Өмірімді өнерге арнадым. Тура жолдан тайған емеспін, кісі ақысын жеген емеспін. Бірақ өмір бойы жарымай келемін.

Неге бұлай болды? Құдай мені неге аямайды? Алпыстан асқанда үйсіз-күйсіз қаламын деп кім ойлаған? *(Тағы да көз жасына ерік берді).*

Ер азаматтың жылағанын көру қиын екен.

Әңгімені басқа арнаға бұрып:

— Қаршыға Ахмедияровтың шәкіртімін деліңіз ғой.

Қандай ұстаз еді?

— деп жаттырмын.

— Марқұм ғажап жан еді.

Маған «Қандай күй тартсан да, өз күйін

сияқты сезініп тартасын.

Күйдің ішіне енесің, — дейтін.

Сол ұстаздарымының жолымен жүріп, ғұмыр бойы шәкірт тәрбиелеп, өнерге өмірімді арнадым. Бірақ ішер асқа, киер киімге жарымай-ақ қойдым. Алматыда домбырашыларды ешкім қаірлемейді.

Батыс өңірдегі ағайын күйшілерді сыйлайды, төрге сүйрейді деп естідім. Бізде олай емес. Кейде осы қу тактайды құшақтап қалғанымды өнерге жасалған мемлекет саясатының жұтандығы деп түсінемін. Біз, күйшілер, сол саясаттың құрбанымыз.

Үйсіз адамда күй бола ма? Оның үстіне, алпыстан асқанда көрген жалғыздықтың күні құрысын. Күнде кешке ішіп жатқан ыстық тамақ жоқ, күтіп-бағатын адам жоқ. Домбырашы ағамыз быттыр желтоқсанда инсульт алыпты. Оң қолының үш саусағы, оң жак беті жансызданып тұратынын айтты.

— Бұрын домбыра шерткенде он саусағым пернеде ойнақтаған еліктік жортушы еді, — дейді. Қазір төкпе күйге шорпақ сияқты. Саусақтары келмейді. Ал шертпе күйді ептеп қайырып отыр. Бакытбек Әлдиев мені шығарып саларда көшедегі колонкадан су алды. Қоштасып жатып: «Осы жасыма дейін еткен еңбегім, қазақтың күй өнері үшін жасаған жұмысым мүлде бағаланбай-ақ қойды. Бүкіл өмірімді сарп еттім осыған. Бірақ содан еш пайда талқан жоқпын. Қаншама балаға домбыра үйреттім, қаншама домбырашы тәрбиелеп шығардым. Күй, домбыра, өнер деп жүріп, өмірім өтіп баралы. Бағаланбайтын қандай өнер бұл? Менің осы жанайқайымды спорт және мәдениет министрі Ақтоты Райымқұловаға жеткізіңіздерші! Көмектесіп қалатын шығар? — деді.



Біз күйшімен су басында қоштастық. Ол екі шелегін толтырып алып, жалдамалы жатаған үйіне қарай асығып бара жатты. «Саяхат» жақтан шетелдің есірік әуені естілді.

Жарас КЕМЕЛЖАН

КҮЙШІ КҮЙКІ ТІРЛІК

бағынан сорының қалың екендігін тілге тиек етіпті. Арасында өзінің де ешкімге керексіз ғұмыр кешіп жатқанын, Қаршыға Ахмедияровтың төл шәкірті екенін жазыпты. Материалды алып, бас редакторға көрсеттім. Редакторым: «Мына кісімен кездес. Жақсы материал шығады» деді.

Тапсырма алған соң күйшіге бірден қоңырау шалмаймын ба. Телефонның көтермеді. Уатсабыма «Жұмыстамын. Күзетте тұрмын. Айналамның бәрі камера. Телефон көтере алмаймын. Түскі ас кезінде өзім хабарласамын» деп жазыпты.

Айтқан уақытында қоңырау шалды.

— Бізде тәртіп қатаң: телефонмен сөйлесуге болмайды, — деп ақталғандай болып жатыр.

— Бакытбек аға, бәрі дұрыс. Сізден сұхбат алатын болдым. Егер қарсы болмасаңыз, үйіңізге барайын, емін-еркін отырып, бір жақсы сұхбат жасайық, — дедім.

— Болды. Онда бүгін жұмыстан кешкі сегізге шығамын. Сол кезде үйге келіңіз, — деп мекенжайын берді.

Кешкі сегіз. Айтқан уақытта, айтылған жерге жеттім. Күйші Алматының «Саяхат» деп аталатын автобекеттің маңында, Райымбек даңғылының бойындағы жатаған үйлердің бірінде тұрады екен.

Екі кештің арасы. Қожыра тамдардың ішінен дәулескер домбырашының үйін тапсам да, осында тұра ма, қателесіп келген жокпын ба деген күдігім басым. Кисайып құлағалы тұрған, іргетасы жерге сіңіп кеткен, шатыры қырық жамау ескі үйге келерімді келіп алып, тұмсығым тасқа тигендей, қакқан қазықтай қаттым да қалдым. Арғы жақтан бір тәжік келіншек есік ашты. Қолында сыпыртқысы, қапка салған коқысы бар.

— Кімді іздейсіз? — деді.

— Бакытбек аға осында тұра ма?

— Ол кім?

Ұялы телефонымнан суретін көрсеттім.

— А, анау музыкант па? Ол осында.

Анау түпкі бөлмеде, — деп терезесі жоқ тоқал тамды нұсқалды. Есікті қағ бергенім сол, сықырлауығы кикылдап-шикылдап көрі емен жартылай ашылсын. Үйден



сыздың күлімсі, қолқаны қапқан қышқыл ісі бүрк етті. Ала көленкеде бір адамның сұлбасы қараң-құраң еткендей.

— Бері жүріңіз, бері, бері, — деп таныс дауыс сол жақ қапталдағы бір есікті ашты. Үйдің төбесі аласа екен. Маңдайымды соғып аламын ба деп еңкейіп, әлгі ашылған есікке қарай жүріп келемін. Аяғымның асты көре алар емеспін, бомба түскендей ойлы-шұңқыр. Сүрініп-қабынып, қапталдағы бөлмеге оздым.

Есік пен төрдің арасы — қолсозымдай ғана. Үй дегенім — кірген адам айналып шыға алмайтындай тар, тауықтың кепесіндей ғана үйшік екен. Қарсы алдымда күзетші киімін киген алпыстардағы жігіт ағасы тұр. Қолымызды созбай-ақ амандастық.

— Кел бауырым, төрлет, төрлет!

Төр қайда, босаға қайда, түсініксіз. Үйдегі зат аузы-мұрнынан шығады. Бір бұрышта үйілген екі-үш домбыра, бір жағында тілшігі жұлынған ескі баян, әртүрлі кітаптар жатыр. Киім салатын жаман шкаф, оның жанында велосипед, жалғыз төсек, шағын үстел тұр орындығымен. Үстелде бір-екі кесе-шыны, су құйылған құмыра, қақпақсыз қазан. Осынышама дүние мынадай тар кепеге қалай сыйып тұр?

Үй иесі қасындағы орындықты ұсынды. Тізе бүгіп жатып, төбесі буаз кесірткінің қарнындай салбырап түскелі тұрған, қабырғасы қак айырылып сары самырсындай жарылып кеткен ескі тамды көзіммен бір-екі қайтара шолып шықтым. Менің үрпие қарап, айналама урейленіп

сырдың шелегіне құйылған су алып ішті. Кенезесі кеуіп қалыпты. — Сенен бұрын жетіп, үйді ретке келтіріп қояйын деген едім, үлгермей қалдым. Айып етпе! — деп демін басты да, үстелдің үстіндегі нан коқымын сұртті.

Осындай үзік-үзік кадрлардан кейін, бойымды жинап, бірден сұраққа көштім.

— Ал Бакытбек аға, жұмысымызға көшейік. Әңгіменізді бастай беріңіз. Қайда тудыңыз, қайда өстіңіз? Бізге жазған күй туралы мақалада не айтпақшы болып едіңіз? — деп бастырмалаттым. Домбырашы әуелде әңгімені неден бастарын білмей біраз тұтықты. Содан кейін барып бойын тіктеп, әр сұраққа нақты жауап бере бастады.

— Сізге жазған материалда өзімді толық таныстырған сияқты едім. Тағы да қайталап кетейін. Бұрынғы таныстарым мені Әлдиев деп біледі, әкемнің аты Қанапия. Біз Өскемен жақтың адамдарымыз. 1960 жылы Зайсан ауданында туам. Сонда өстім. Балалық, боз бала шағым бәрі сонда өтті. Алматыға 1977 жылы көшіп келдік. Қаскелең мәдениет училищесінде оқыдым. 1986-1991 жылдары Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының домбыра-баян сыныбына түсіп, Қаршыға Ахмедияровтың қолында оқыдым, — деп бұрышта тұрған қоңыр домбырасын алып, бір күйдің басын шерте бастады.

Бакытбек аға консерваторияны бітірген соң, Қаскелең ауданына қарайтын Жетісу совхозының мәдениет үйінде жұмыс істепті. Сол жерде күйші, одан кейін мәдениет үйінің директоры сияқты қызметтер атқарған. Үйленген, бала сүйген. Кейін Еңбекшіқазақ ауданының Саймасай ауылына көшіп барған. Бір ескі үй сатып алыпты. Сол ауылдағы мектепке мұғалім болып жұмысқа тұрыпты. Кейін, яғни 2012 жылдары үйін банкке кепілге қойып, мал

сатып алған.

— Сол жылдары сүт бағасы қымбаттап, жұрт мал шаруашылығымен айналыса бастады. Мен де мал өсірсем, бизнес жасасам деп ойладым, — дейді кейіпкеріміз.

Қазақ «Құланды да жыландай кісі атады» дейді. Қазір мал бағу да қиын. Суармалы жерін, шұрайлы жайылымын болмаса, шөп пен жемді сатып алып, мал баққаннан пайда жоқ. Бакытбек те жем-шөбін қып-қызыл ақшаға сатып алып, несиеге алған малынан береке таппапты. Ал үйін банк тартып алған. Сөйтіп айдың-күннің амаңында бір үйлі жан далада қалады. Қырсық бір айналдырса, шыр айналдырады. Малдан да, үйден де айырылып есенгіреп жүргенде, әйелі жаман ауруға душар болыпты.

— Қырсық қыр соңымнан қалмай-ақ койды ғой. Әйелімді апармаған дәрігер, қаратпаған аурухана қалмады. Қарызға қарыз, несиеге несие жамап, төрт баламды бағып-қағып жүріп, әйелімді бірнеше жыл емдеттім. Айналдырған ауру алмай қоймайды екен. Жұбайым быттыр 23 қазанда қайтыс болды. Дімкәс болса да, әйелінің бары жақсы екен ғой. Соның қазасынан кейін жылы жетім болдық та қалдық. Үйден шығу кетті, бала-шағадан береке қашты, — деп кемсендеп қалды.

Қолындағы домбырасының шаңағынан мұңды-сазды бір күйдің әуені өрліп жатыр.

— Мынау Байжігіттің күйі. Жаныма жақын. Жабырқағанда осыны шертемін,

ТАҒДЫР



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Өмір иірімі

Ермек атаны алғаш рет КТК арнасындағы «Дау-дамайсыз» бағдарламасынан көрдім.

Тағдыр тауқыметін қамыт қылып

киген қарияның тағдыры бізді бейжай

қалдырмады. Бағдарламаны көргеннен

кейін атаның тағдырын өз құлағыммен

естігім келді. «Дау-дамайсыз»

бағдарламасының жүргізушісі Жазира

Бегалыға хабарласып, мән-жайды

түсіндіріп, Ермек ағаның туысы Атархан

ағамен байланысқа шықтық. Ерtesінде

қария тұратын Жамбыл ауданы Ынтымақ

ауылына келдік. Мен атаны бірден

таныдым. Таяғына сүйенген қария бізді

жылы қарсы алып, әпкесі Сағымбала

әжейдің үйіне кіргізді. Әңгімеміз әрі қарай

үйде жалғасты.

Ермек ата биыл пайғамбар жасына толады. Осы күнге дейін үйсіз-күйсіз, құжатсыз күй кешкен қария мұндай жағдайға қалай тап болды? Бір кездері ел қызметіне кезекпен жүгінетін мал дәрігері неге бүгін ешкімге керек емес? Ол кісінің өмірден баз кешіп, осындай күйге түсуіне не себеп? Осы сансыз сұрақтарды қоймасак та, қария әңгімесін әріден бастады.

«Өзім осы өңірдің тумасымын. Орта мектепті бітіріп, 18-ге толғанда Қордай ауыл шаруашылығы техникумының мал-дәрігерлік факультетін бітірдім. Оқудан кейін әскерде болдым. Әскери борышымды Мәскеуде өткіздім, онда да медпунктте фельдшер болдым. Елге келгеннен кейін 1982 жылы үйлендім. Жарым елу қыздың ішінен таңдап алған ең сұлуы болатын. Осы аудандағы «Беріктас» мал совхозына мал дәрігері болып орналастым. Әйелім әкімшілікте хатшы болды. Үш балам өмірге келді. Тату-тәтті өмір сүріп жаттық. Мен әйелімді ешкімнен кем қылмадым. Не ішем, не жеймін деген жоқ. Тістеріне дейін алтындытып бердім. Отбасым үшін жұмыс істеп, анда-мұнда іссапарға көп кетемін. Сөйтсем, сұлу әйелім туған бауырыммен көңіл қосқан екен. Басында сенбей елдің гу-гу әңгімесі болар деп мән бермедім. Бір күні соны өз көзіммен көрдім. 1996 жылдың күз айы болатын. Ұрмай-соқпай үш баламды аманаттап шығарып салдым. Сол күннен бастап араққа салындым. Мен үшін өмірдің мәні кетті», — деді қария ауыр күрсініп. Осы арада әңгімеге Ермек ағаның туыс әпкесі Сағымбала әжей араласты.

«Кезінде қандай мықты жігіт еді. Ермектің кішкентай кезінде ата-анасы ажырасып, бұл өгей анасының қолында өсті. Бауырлары өмірге келді.



Сұлу келіншегінің кесірінен осы күйге түсті. Қазір ешкім жолатпай отыр. Әйтпесе, өзінің туған анасынан да, өгей анасынан да тараған бауырлары көп. Менің туған ағамның баласы болғаннан кейін көз алдымда өсті. Кішкентайынан маған келіп тұрады. Қазір менен басқа ешкімнің жаны ашып отырған жоқ. Көзімнің тірісінде құжатын реттеп, тым болмаса, зейнетақысын жасатып, қарттар үйіне орналастырып кетсем деймін», — дейді әжей.

Қазір Ермек ата Сағымбала әжейдің үйінде. Басқа барар жері, басар тауы жоқ. «Дау-дамайсыз» бағдарламасы арқылы құжаттарының реттеліп жатқанын айтып маркайып алды. «Біз құжат жасатқымыз келген, бірақ әлгі әкімдіктерілер «ананы әкел, мынаны әкел» деп жоқ қағазды айтады» деп жалғалды әңгімесін Ермек ата. Құжаттарын Қарғалы өзеніне ағызып алған. Туыстары құжатын рәсімдеуге әкімдікке бірнеше рет барғанымен, еш нәтиже болмапты. Оған себеп қарияның жұмыс істегені туралы құжат мұрағатта сақталмаған. Тіпті ол кісі тіркеуде де болмай шыққан.

«Жас кезімде жігіттің төресі едім. ЖенПИ-дің қыздарына ән арнап, жатақханаларының маңынан шықпаушы едік», — деп бір күліп алды. «Онда есіңізге түскен өлең жолын оқып берсеңіз» деген өтінішімізді жерге қалдырмады.

Қолыма алып домбырамды тартайын,

Алматыда өтті-ау төрт жыл, он айым.

Көшесі бар Гоголь атты сәулетті,

Сол көшенің жайын сізге айтайын.

Көшелері көше емес мақтайтын,

Но все-таки жамандауға жатпайтын.

Сол көшенің ерекшесі мынада

Бір үйі бар мыңнан астам үйішкебастан сақтамайтын.

Әрбір жерден өңкей сұлу жиналған,

Бұраң қағып, көз алдында ширалған.

Табылса екен айдай қызға бір жесім,

Деген оймен қайран жаным қиналған.

Өтті күндер, өтті айлар нешесі

Ерекеннің қызға кетпес ессі.

«Әйеліңіз бар ғой, аға» демеші,

Ол үйдегі балалардың шешесі-ай, — деп әуендетіп шырқап берді.

Жастайынан өнерге жақын ата «Алтыбақан» бағдарламасына қатысыпты.

«Кезінде Нұрғиса Тілендиев, Әсет Бейсеуов ағаларымның қасында жүретінмін. Дастарханымызды жайып, ағаларды күтіп алатынбыз», — деп өткен күнін есіне алды.

Ермек атаның арманы — құжаттарын реттеп, зейнетақы алып, ел қатарлы өмір сүру. «Бала-шағаммен араласып, немерелерімді бір иіскесем» дейді.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА,
Суретті түсірген Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Ақжолтай

(Басы 1-бетте)

АТЫРАУДА

ОҚУШЫ

ГАЗЕТ ОҚИ

БАСТАДЫ

Жаңа жоба жас оқырмандардың қызығушылығын оятып жатқанға ұқсайды. Себебі оқушы газет материалдарына сын көзбен қарап, өз ойын ашық айтуға, өзіндік көзқарас қалыптастыруға бейімделіп келеді. Ал мұғалімдер үшін бұл тәсіл баламен арада диалог қалыптастыру үшін маңызды», — дейді.

А2 форматымен шыға бастаған газеттің апталық таралымы бүгінде 3336 данаға жеткен. Әрине, жоба мектеп балаларына арналып отырғаннан кейін, газет мазмұнында да бала психологиясы қабылдай алатын дүниелер болуға тиіс. Газет мазмұны туралы Ж.Амантурлин: «Әзірге, «Бала біздің болашағымыз», «Бәйшешек» атты арнайы беттер айына бір рет беріліп отырады. Негізінен, оқушылар шығармашылығына арналған беттерде балалардың өлеңі, салған суреті жарияланып тұрады. Шығармашылық негізінде байқау да ұйымдастырылады. Алдағы уақытта ағарту бағытындағы дүниелерді де жариялағымыз келеді. Бір қызығы, жобаға ата-аналар да қызығушылық танытып отыр. Болашақта газет «мектеп — оқушы —



ата-ана» триадасы байланысына айналып жатса, бұл да мақсаттың орындалғаны», — деп жоба-жоспарын түсіндірді.

«Көктем» қазақ орта мектебінің 5-сынып оқушысы Айдана Жанғалиеваның айтуынша, күнделікті сабақты газетке шолу жасаудан бастау әрі қызықты, әрі оқушылардың сол күнгі сабаққа деген құштарлығын арттырады. Ол «Газетте әртүрлі мақала, сұхбаттар жарияланады. Оны оқып, талдап, бір-бірімізге айтып, мұғалімдеріміздің сұрағына жауап беру өте қызықты болады екен. Оның үстіне, ата-аналарымыз бен ұстаздарымыз «Күнде телефон шұқылағанша, газет оқып тұрындар, пайдасы мол» деп айтады», — дейді.

Осы жерде айта кетуге тұрарлық ерекше бір мәселе бар. Ғалымдардың пайымдауынша, кітап оқу, жалпы оқу мәдениетінің қалыптасуы — адамның рухани жетілуіне ғана емес, тән саулығына да керемет пайдасын тигізеді екен. Медицина тілімен айтсақ, оқу — адамның орталық миы арқылы, үздіксіз



қозғалыстағы клетканың жасарып отыруына әсер етеді. Ғалымдар кітап оқу, сурет, музыка, жазушылық секілді ақыл-ой еңбегімен шұғылданатын адамдардың жүйке-жүйесінің басқа адамдардан әлдеқайда тез дамидынын және қартайған кезде де жүйке-жүйенің шаршауы, әлсіреуі, орталық мидың қартаюы сияқты аурудың болмайтынын дәлелдеді. Тағы бір назар аударатын жәйт — оқу мәдениеті дамыған елдер жаңалық ашу, әлеуметтік, экономикалық көрсеткіш жағынан да озық тұр. Шағын ауданнан бастау алған ізгі жоба — ақыл-ойы кемел үлгі қалыптастыру жолында жасалған нәтижелі қадам болары анық.

Баян ЖАНҰЗАКОВА,
Атырау облысы

Соңғы уақыттары Шымкенттің мәдени көкжиегінде бұрын-соңды болмаған ерекше оқиғалар мен тосын құбылыстар орын алып жатқанын байқау қиын емес. Ел арасында «Шымкент – әртістерден шенеунік шығаратын қала» деген сөз де таралды. Олай дейтіні, былтыр желтоқсан айының соңғы он күндігінде жұрт «Түркістан сарайы» деп атайтын «Шымкент қалалық мәдениет үйі» концерттік ұйымына белгілі өнші Сәкен Майғазиев басшы болып келді.

Одан соң Шымкент қалалық опера және балет театрына Еуропа сахнасында сопрано дауыспен танылған үздік өнші, Париждегі «Grand Opera» сахнасында өн шырқаған жалғыз қазақ, аты аңызға айналған Пласидо Домингодан бата алған өнерпаз, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Майра Мұхамедқызы директордың міндетін атқарушы боп келді. Әлемдік деңгейдегі әйгілі өншінің қадамына таңданып һәм тамсанып жүргенде Шымкентке тағы бір жұлдыз топ етіп, елді елеңдетті. Қалалық мәдениет басқармасы басшысының орынбасары қызметіне өнші, Қазақстан Жастар одағының «Серпер» сыйлығының иегері Ақбота Керімбекованың тағайындалуы да – шымкенттіктер үшін күтпеген жаңалық.

Міне, осындай елеулі өзгерістер орын алған мәдениет саласында Сәкен Майғазиев эстрада, дәстүрлі өншілер мен оркестр ұжымы, би ансамбльдерінің кәсіби тыңдалымын өткізді. Әуелгіде «өншілерде аттестация бола ма?» деп абдырап қалғанымызды жасырмаймыз. Әдетте аттестация дегенді үш ай бұрын хабарлап, сосын барып өткізуші еді. «Мәдениет үйіндегілер қайтті екен?» деп екіұдай күй кештік. Сөйтсек, бұл аттестация емес, сол емтихан алдындағы кәсіби тыңдалым екен. Бұл туралы «Шымкент қалалық мәдениет үйі» директорының міндетін атқарушы Сәкен Қордабайұлы БАҚ өкілдеріне берген баспасөз жиынында айтып берді. Кәсіби тыңдалым барысында елімізге белгілі, кәсіби өнер адамдары жергілікті әртістердің өнеріне баға берді. Төрелік етушілер қатарында Халық әртісі, композитор, өнші Алтынбек Қоразбаев, еңбек сіңірген қайраткері, опера және эстрада өншісі Толкын Зәбирова, еңбек сіңірген қайраткері, профессор, хореограф, «Astana Ballet» ұжымының көркемдік жетекшісі Алина Әлішева, жергілікті өнер адамдарынан Мәдениет қайраткері, Шәмші Қалдаяқов атындағы облыстық филармонияның өншісі Айжан Тәженова мен танымал сазгер Нышан Төлегенов бар.

«Бұл аттестация емес, кәсіби тыңдалым. Аттестация заң шеңберінде 3 ай бұрын хабарланады. Соған сәйкес дайындық жүргізіледі. Бұл жолы әртістеріміз кәсіби мамандардың алдында өнер көрсетті. Төрешілер олардың деңгейін анықтады. Сосын оларға вокал, сахна мәдениеті, барлық жағынан дайындалуына 3 ай уақыт берілді. Сол 3 айдың ішінде Толкын Зәбирова 2-3 рет арнайы келіп, шеберлік сағатын өткізеді. Өншілердің дауысын қоюға көмектеседі. Сондықтан әзірге ешкімді де жұмыстан шығарған жоқпыз. Шама келсе, бірде-бір өншіні жұмыстан шығарғымыз келмейді. Олардың кәсіби тұрғыда өсуіне, өнерін өрістетуіне мейлінше жағдай жасаймыз. Ал үш айдан соң аттестацияда мүмкіндігін тағы бір байқаймыз. Сол кезде сынақтан өте алмаса, кінә өздерінен. Емтиханнан өткені кәсіби біліктілігін ары қарай көтереді, ал өтпегені заң аясында жұмыстан шығарылады», — деп С.Майғазиев бұл тыңдалымның мақсатын айқындап берді.

«Шымкент мәдениет үйі» 2014 жылдан бері қызмет атқарып келеді. Бүгінгі таңда мекеме ғимараты Түркістан сарайында орналасқан. Онда 1300 орынға арналған көрермен залы, грим, оркестр, би ұжымдарына арналған бөлмелер бар.

ШЫМКЕНТТЕ

ӘНШІНІҢ ДАУЫСЫ ЖЕТПЕЙ ҚИНАЛҒАН ЖЕРІ

Мәдениет ордасына қарасты 5 мәдениет үйі мен 5 клуб жұмыс істейді. Осыдан-ақ, бұл мекеменің қандай қабырғалы ұжым екенін бағамдай берініз. Мұндай үлкен ұжым мен Түркістан сарайы сияқты хан ордасындай алып ғимарат басқалардан кем түспесе керек.

«Шымкент — тек қағаз жүзінде емес, шын мәнінде, кәсіби тұрғыдан қалыптасқан мегаполис болуына атсалысуымыз қажет. «Шымқаланың мәдениеті той-томалақтың деңгейінде қалып қойған, мәдениеттен жұрдай» дейтін түсініктен арылатындай уақыт жетті. Енді үшінші мегаполисте де шығармашылық қызметкерлері, оның ішінде эстрада, дәстүрлі өншілер, би және оркестр ұжымы аттестациядан өткізіліп барып жұмысқа алынады», — деп Сәкен Майғазиев мәселенің басын ашып алды.

Баспасөз мәжілісінде бәріміз де «Шымшаһардың өнері қай деңгейде екен?» деп демімізді ішке тартып отырдық. «Елдің еркелері, өнердің серкелері шымкенттік өнерпаздарға қандай баға берді?» дегенге келсек, біздің әртістеріміз біраз сынның астында қалып қойды. Сахнада ансамбль, залда атынан ат үркетін қазақтың өнер жұлдыздары мұқият құлақ түріп тындап отыр. Кастингке тұңғыш келгендей он шақты өнерпаз тізіліп шығып, жеке-жеке өнерін көрсетуде.

«Шын өнерпаз өнердің шыңында жүруі керек. Ал таланты жетпейтіндер орнын дарындыларға босатып берсін. Сонда мегаполистің мәдениеті биіктей береді. Әйтпесе, Шымкент — үлкен қала. Мұнда бәрі де бар. Бірақ өншілерді де кінәлауға болмайды. Бұл жердің өнерін дамытуға көп нәрсе жетіспейді. Мәселен, әртістердің киімдерінің түсі солғын. Этнографиялық-фольклорлық

Одан соң Шымкенттей үшінші мегаполисте «Құрманғазы», «Отырар сазы» іспетті симфониялық-фольклорлық оркестр болуы тиіс деп ойлаймын. Сіздердің «Қаратау» ансамбліне көп аспаптар жетіспейді. Сосын штат санын көбейту қажет. Түркістан сарайы сияқты үлкен киелі сахнаны шетелге шықса да, ұялмайтындай дәрежеге жеткізіп, жаңғырту керек», — деп опера және эстрада өншісі Толкын Зәбирова сынын да, сырын да жайып салды.

Ал Шымкенттегі Шәмші Қалдаяқов атындағы филармонияның белді өншісі Айжан Тәженова коронавирус пандемиясының өншілердің өзіне де, дауысына да салқынын тигізгенін жеткізді: «Бізде талантты жастар жетерлік. Бір жылға жуық уақыттан бері дауысын жоғалтып, сахнаға сескеніп шыққаны көрініп тұрды. А.Қоразбаев пен Т.Зәбирова әріптестерімнің «репертуар нашар, кілең тойдың әндері, барлығы жауыр болған бір әнді айта береді, ізденіс жоқ» деген сөздеріне қосыламын. Әсілі, бізде өншілердің нағыз өнші боп қалыптасуына кедергі көп. Көп өншілердің деңгейінің түсіп кетуіне себеп болған құрып кеткір фонограмма ғой. Өйткені той-жыңға барып, дайын әуенді қосып, аузын жыбырлатып қайтады. Онда да той-томалаққа сол күнхоріс қамымен барады. Тойда халыққа көбіне тойдың ойнақы әндері қажет. Ал қай жерде де ән жаздыру өте қымбат. Біздің балалардың Алматы мен Нұр-Сұлтанға барып, ән жаздыратындай мүмкіндігі жоқ. Той жағалайтыны да сол үшін. Одан соң өншілер қауымы да спортшылар сияқты ұдайы бабында жүруі тиіс. Жұмыс барысында әр концерттің алдында дайындалып, шындалады. Оларға бір жыл карантинде



ансамбль болғаннан кейін, қазақтың әдемі ұлттық киімін сәнін келтіріп киіп шығу керек еді. 12 адамға дейін ансамбль, одан жоғары оркестр болып есептеледі. Сіздерде 15 адам, яғни оркестр болып есептелесіздер. Орындау барысында кей тұстарда «фалыш» кетіп жатыр. Себебі көп аспаптар жетіспейді. Бас қобыз керек. Ұлт аспаптарын жасаушы Болат Сарыбаевтың кейінгі ұрпаққа аманаттаған ең керемет аспабы — сазсырнай. Оның да дыбысын естіген жокпын», — деп Алтынбек Қоразбаев көкеміз пікірін кесіп айтты. «Қаратау» ансамбліне біраз аспаптардың жетіспейтінін соқырға таяқ ұстатқандай дәйекті түрде түсіндіріп берді.

Ал хореограф Алина Тұрсынбайқызы «Шымкент қалалық мәдениет үйінде» балетке арналған линолеумнің жоқтығын, сахна еденінің тайғанақтығын сынға алды: «Егер Түркістан сарайы сахнасын түгелдей заманауи талапқа сай жабылғатаса, еліміздің түкпір-түкпірінен, тіпті шетелден атакты өнер ұжымдары ағылатын болады», — делі.

«Біз мұнда сын айту үшін емес, өнердің жанашыры ретінде келдік.

Бір қуантарлығы, жастар біздің сынымызды дұрыс қабылдап жатыр. Өншілердің кейбірі ән айтпақ түгілі, саскалақтап, дірілдеп, аузын аша алмай қалды. Сөзін немесе айтып жатқан өнінің авторын ұмытып қалғандары да бар. Баяғыдан ән айтып жүрсе де, биік не төмен нотадан алып қойып әбіржіген өншілер болды. Әрқайсысын сахнаға шығарып, жіберген қателігін жіліктеп айтып отырдық. Қазіргі жас өншілердің сырты ән салып тұрғанымен, ішкі дүниесі бос екенін, рухани білім мен ізденіс жетіспейтінін аңғардым. Ал түйіндемесін оқысаныз, білдей оқу орнын бітіргенін білесіз. Дипломы болғанымен, таланты жоқ өншілер алысқа бармайды.

үйде күнделікті дайындықсыз отыруы және фонограмманың кесірі көп тиді. Мекеменің жаңа басшысы Сәкен «Турақты түрде шеберлік сағаттарын өткізетін кәсіби маман мен тамақты тексеретін дәрігерді жұмысқа аламыз» деп отыр. Маған бәрінен де нағыз өнші боламын деген талантты жастардың барлығының сынды дұрыс қабылдағаны ұнады», — делі онтүстіктің мақтанышына айналған өнші апайымыз.

А.Тәженованын сөзіне сүйенсек, өншілердің барлығын бірдей нашар деуге келмейді. Жалпы өншілерге тынбай еңбектену керек. Келешекте мегаполиске сай мега жобалар қолға алынса, соның үлесінен шығатын талантты жастар баршылық.

«Индикаторлық көрсеткішімізді көтере алмасақ, онда мұндай үлкен сарайды не үшін ұстап отырмыз? Біз бір күндік өнерге бола жұмыс істемейміз. Келген қонақтарымызға рухани-эстетикалық байлығымызды ұялмай көрсетсек дейміз». Мекеме басшысы Сәкен Қордабайұлының түйін сөзі осы болды.

Ал біздің ойымыз мынадай: Шымқалаға атакты өншілердің ат басын бұруы мегаполис мәдениетіне оң әсер етіп жатыр. «Сын түзелмей, мін түзелмейді», «Дос жылатып айтады» деген нақыл сөзді осы тұста да айтуға тура кеп тұр. Күнгейлік өнерпаздар бұрын-соңды дәл бұлай толқымаған тәрізді. Өнердің шын жанашырлары саф өнерді самғату үшін өз аяғымен келіп, барлық кем-кетікті ерінбей айтып, соларды жоюға ынты-шынтысымен атсалды, Шымкенттің мәдениеті өркендеп, республикалық, халықаралық қияларға қанат жаймай ма?! Ал өншілерімізге айтылған сыни пікірлер үш айдан кейінгі аттестацияда 180°С-қа оң бағытқа өзгереді деп үміттенеміз.

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент

«Түркістаным Тұраным» атты саз фестивалі өтетін болып Түркістан қаласына бара қалдық. Фестиваль өтетін күндер аумағын түрлі шаралармен толтырып, іш пыстырмайтындай тығыз бағдарлама жасап қойған екен.

Өйтпей ше, шақырылғандар шетінен республикаға танымал мәдениет пен әдебиеттің қаймағы болса. Оның үстіне, Түркістан ауданының сол кездегі әкімі Әли Бектаев еді. Қай жерге тағайындалса да, барған ортасын гүлдендіріп жіберетін парасатты азаматтың босқа даурықпайтынын білетіндердің бәрі бұл шақыруды аяқсыз қалдырмай, түгел барды.

Айтса айтқандай, фестиваль керемет өтті. Байқауға ұсынылған әндер орындалған кезде де, марапаттау рәсмінде де көрермендердің соншалықты көп жиылғаны былай тұрсын, шын көңілден ықылас білдіріп, дуылдата қол соғып жатқаны орталық қалаларды ойландырғандай еді. Бірақ осының бәрінен де ерекше әсер қалдырған бір оқиғаны айтқалы отырмын. Бәлкім, осы айтқанымды растайтындар болса, өз ойларын қоса жатар.

Байқаудағы қазылар алқасының мүшелері бастап, қатысушы өнерпаздар Түркістандағы әр түрлі оқу орындарымен, мектептермен кездесу өткіздік. Біздің еншімізге «Балуан Шолақ» атындағы мектеп оқушыларымен кездесу тиген екен. Мектеп директоры шетімізден

литрлік «бақлашка» толы айраны бар. Өзі мәз, бір нәрсеге қатты сүйсінгені көзінен көрініп тұр. Оңтүстіктің жігіттері белгілі ғой. Шығарып салушылар купемізді Алматы емес, дәп бір Мәскеуге дейін еркін жететіндей етіп азық-түлікке сықап берген.

— Айран жететін еді ғой, мұны неге алдыңыз, аға?

Қалдыра ақ сұрағыма жауап берген жоқ. Сол мәз болған күйінде:

— Өленге, ақынға деген құрмет ел арасында әлі бар екен-ау! — деді сүйсініп. Түріне қарасам, алабұртып бірнәрсеге қатты риза боп, толқып тұрған сынайды. Айранын столға қойып, төсегіне отырды. Менің таңырқап отырған түріме қарап алып, жымиып күлді де:

— Қызық болды! — деді басын шайқап. Әп-әдемі бір келіншек мені көріп аузы

ҚАДЫР АҒАНЫҢ КӨЗ ЖАСЫ

таныстырып өткен соң, келген қонақтар оқушылардың сұрағына жауап беріп, өз өнерін көрсетіп, кездесу орнымен өтіп жатқан. Кезек Қадыр Мырзалиев ағамызға келгенде болды қызықтың көкесі. Бағана мектепке кіріп келгенде-ақ маңдайшада жазулы тұрған Қадыр ағаның өленін көріп бір дуылдасып қалғанбыз. Әрине, Қадыр аға үшін бұл таңсық емес. Қазақ елінің қай түкпіріне барса да, өзінің тапқыр да, дана сөзі ұрандай болып алдынан шығып отыратындықтан болар, жымиған да қойған. Мына жерде сөз берілгенде оқушылардың біраз сұрағына жауап берді де, өзінің басқа өнерпаздар сияқты ән сала алмайтынын, тіпті басқа ақындар сияқты өз өленін жатқа оқуға да шорқақ екенін айта келіп, бір күтпеген ұсыныс тастады. Көздері мөлдіреп, тірі Қалырмен кездескендеріне сенер-сенбесін білмей отырған оқушылардың пейілінен әсерленді ме, жоқ, әлде өзінің сонау алыста қалған балалық шағы елес берді ме, ерекше толқыныста тұрған аға:

— Мен өзімнің мектепте алған білімді сіздердің алдыларыңызда тексеріп көрсем, қалай болар екен? Қиыншылықпен жүріп алған мектептегі білімді өмірбақи есімде сақтармын деуші едім. Сол сертімде тұра алдым ба екен? Айналайын, мұғалім шырақтарым, маған өз пәндерің бойынша мектеп бағдарламасынан сұрақ қоюларыңды өтінемін. Мен соларға шамамның келгенінше жауап беріп көрейін.

Алғашында жым-жырт тыныштық орнады. Қадірлі қонақтардың өзі туралы әдемі әсер қалдырып, өзінің ешкімге ұқсамайтын балалық шағы туралы, өзінің осындай боларын тани біліп, талантының көзін ашқан ұстаздары туралы айта жөнелетін таптаурын әңгімелері, сосын міндетті түрде өнерін көрсетуі, әрбір кездесудің қалыптасып кеткен тәртібі. Ал мына кісі болса, оқушылардың алдында өзі емтихан тапсырмақ.

Соньмен не керек, қысыла-қысыла директор жаққа жалтақтай қарап, оның ризашылығын алған оқытушылар кезегімен сұрақ қоя бастады. Қадыр ағамыз сәл ойланып есіне түсіріп алып, әлгі сұрақтарға жауап беріп тұр. Тарих, қазақ тілі, орыс тілі, география пәндері бойынша берілген жиырмадан аса сұрақтың бәріне де түгелімен жауап беріп, келесі сұрақты күтіп тұрған ағамызды мектеп директоры бастап, бүкіл мектеп мұғалімдері мен оқушылардың дуылдата соққан шапалағы тоқтатты. Бәрінің де жанарында ерекше таңданыс пен шынайы сүйсіну бар. Бәріміз де естен таңғандай күйде қалдық. Жетпістен асқан ақсақалдың сонау мектеп табалдырығында алған білімін қайта есіне түсіріп, барлық сұраққа түгелдей жауап бергені шынында да керемет емес пе? Сол жерде бірге болған ақын, композиторлар маған ренжімес, дәл сол кездесуде атағына да, атына да лайық екенін дәлелдеп, мектеп оқушылары мен ұжымына өшпес әсер қалдырған бір адам болса, ол — Қадыр аға еді.

Иә, феномен! Қадыр Мырза-Әлінің өмірге деген өзгеше құштарлығы мен білімге деген ыждаһаттылығының сыры неде? Осы сұрақ бәрімізді де ойландырды.

Шымкенттен шығарып салушылардың артып жіберген заттарын орын-орнына жайғастырып, демімізді диттегенше біз отырған жүрдек пойыз Түлкібасқа да жетіп келді. Бұл жолы Оңтүстік Қазақстан облысы (*қазіргі Түркістан облысы*) бойынша өткен «Қанеки, тілім сөйлеші» атты байқаудан қайтқан бетіміз еді. Күн салқын, сыртта қар аралас жаңбыр жауып тұр. Пойыз тоқтап, ысылдап-пысылдап болғаны сол еді, Қадыр аға «ау жұтып келейін» деп далаға беттелді.

— Отырғанымыз жана ғой, әлі ауа тарыла қойған жоқ — деп едім, жымиып күлді де: — Әр жердің ауасы да, адамы да басқа, болмашы нәрсе кейде шабытынды қозғайды, — деді.

Пойыз қозғала бергенде бір-ақ купеге кірді. Алаңдап отырғам. Қолында екі

ашылып біраз тұрды да «Өлэ-ә-ә!» дегені. Бір нәрсе болып қалды ма деп жан-жағымға қараймын. Әлгі келіншек менен көзін алар емес. Келіншектің ұясынан шыға бақырайған көзінен күдіктеніп үсті-басымды қарап шықтым. Бәрі дұрыс.

— Шынымен-ақ Қадыр Мырзалиевсіз бе?! Қадыр ақынның өзісіз бе? — дейді ол жерден жеті қоян тапқандай.

— Иә, Қадырмын... Айналайын-ау, не болды сонша адам көрмегендей? — деймін.

— Өлэ-ә-ә, Қадыр аға, сізді бұл жерде, мұндай жағдайда кездестірем деп кім ойлаған. Өлеңдеріңізді сүйсіне оқып, кітаптарыңызды жастығымның астына жастанып жатушы едім. Өмірде кездесіп өз қолыммен шай құйып беріп, лебізіңізді тыңдасам деп армандаушы едім. Қап!

— Өкінетін түк те жоқ айналайын, әлі талай келеміз ғой. Бұйыртса, шайынды да ішерміз. Әңгімемді де тыңдарсындар.

Әлгі келіншек қалтасын қарманып: — Қап! Қапелімде автограф та ала алмай қалдым-ау! — деп өкініш білдірді де, қолындағысын ұсынды.

— Ең болмаса мына айранды ала кетіңізші, ағатай!

— Қой шырағым, бала-шағама нәпақа болсын деп сатып жүрген дүниенді тегін қалай алам. Міне, ақшасын ала ғой, — деп едім, тіпті көзі боталай жаздады.

— Керегі жоқ, Қадыр аға. Онда қапа болам, — дейді.

— Айналайын-ай!

Қатты әсерленген Қадыр аға әлгі «бақлашкадағы» айранды стаканға құйып сіміріп салып, тамсанып біраз тұрды да:

— Ох, шіркін-ай, мына айранның дәмі бөлек екен, ішіп көрші, — деп толтыра құйып маған да ұсынды. Ағаның көңілі үшін ішкен болдым. Кәдімгі айран, ерекше түгі де жоқ.

Қолына стаканын ұстап вагон терезесіне қарап өз ойымен өзі отырған Қадыр ағам кемсендеп, жылап-ақ жібергені. Сасқанымнан:

— Ой, аға... бір бөтелке айранға бола, сонша... Қап, мына Түлкібастың келіншегің-ай! Сол Түлкібаста қала салмаған екенсіз, — деп қалжыңдаған болып жатырмын. Әйтеуір, бір далбаса менікі...

Қадыр аға үндемей көзін сүртіп болды да:

— Мына терезені сабаалаған қарлы жаңбыр бала кезімдегі бір оқиғаны есіме түсіріп жібергенін көрмейсін бе. Айып етпе айналайын! Сендер ғой, өткен жолы Түркістанда менің мектептегі алған білімімнің әлі күнге дейін санамда сақталып, көнермегеніне таңырқалындар. Бірақ соның сыры неде? Оны сұраған ешқайсың жоқ. Солай ма?

— Солай ғой. Соны сұрағалы жүр едім...

— дедім күмілжіп.

— Ендеше тыңда.

Қадыр аға терен күрсініп алып, әңгімесін жалғады.

RYHANIAT
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru
www.jasqazaq.kz

— Оның себебі, мектепте жүріп алған білімімнің бағасы мен үшін өте қымбат болатын. Әкем марқұм мен есімді білгелі бері сырқат болды. Ауруханадан шығып аразымда болған сәті өте сирек еді. Тіпті еміс-еміс қана есімде қалыпты. Өз дертімен арпалысқан ол байғұстың анам екеумізге баспана тұрғызып беруге шамасы қайдан келсін!? Соғыстан кейінгі қиын-қыстау кезде бізге арнап үй тұрғызып берер ағайынның да жағдайы болмаған шығар. Қысқасы, анам марқұм екеуміз әркімнің қора-қопсысында күнелттік. Иә, рас! Есімде қалғаны, сиыр, қой, ешкілердің тезегінің иісі, күйіс қайырған үндері. Өйткені солардың арасында ұйықтайтынбыз. Анашым:

— Өкен әлі-ақ жазылып шығады. Сосын керемет қылып, үлкен үй тұрғызады. Әдемі есігі, әдемі терезесі бар зәулім үйде тұратын боламыз, — дейтін. Онысы мені жұбатқаны шығар.

киіп, құлдырандап бара жатқан түріме қарап өзегі өртенетін шығар.

Бірде мынадай жағдай болды. Дәл осындай қарлы жаңбыр төлеп тұрған кез еді. Құз бе, көктем бе, есімде жоқ. Бір топ балалардың ең соңында шүберекке орап алған кітаптарымызды қорғаштап (*ол кезде пәлкі деген нәрсе түсімізге де кірмеген*), қиғаштап, себелей жауған қарлы-жаңбырға арқамды беріп, кітаптарымызды қорғаштап келе жатқам. Кенет, шеткі терезеден қалбаң еткен ақ киімді адамның сұлбасы көрінгендей болды. Манайымды барласам аурухананың тұсына келген екенмін. Жаңағы терезеге білдірмей көз қиығымды салдым. Сөйтсем... Қу сүйекке айналған жүзімен әйнекке ұмсына түсіп, түрі тірі аурақтай қорқынышты адам бізге қадала қарап тұр екен. Өзгелер онша байқай қоймады. Әлгі адам — аурудың азабы бүкіл нәрін сорып алып, құр сүйекке айналдырған менің әкем еді. Бізге үй салып беруді армандамақ түгіл, әрбір атар таңы мен батар күнімен бірге тішілік шырағы сөніп бара жатқан, бейшара күйде осы ауруханада соңғы күндерін өткізіп жатқан әкем терезеге бетін тақап, мен жакка үздіге үңіліп жылап тұрды. Жүрегім езіліп кетті. Кітабымды құшақтаған күйі, жерден басымды көтермей мен де жыладым. Әкем жакка енді қарамауға тырыстым. Бірақ қалай қарамассың!? Көзімнің қиығымен сығалап келем. Мен терезенің тұсына жакындап келіп, өтіп бара жатқанда әкем қабырғаға арқасын сүйеген күйі ары қарай алыстай берді. Өзімді-өзім әрең ұстадым.

— Әке! — деп айкайлағым келді.

«Әкетайым» деп мойнына асылып құшақтағым келді.

— Сен жыламашы әке. Ауруыннан тезірек сауығып кетші. Жазылшы! Зәулім үйді мен әлі саған тұрғызамын, әкетай! — дегім келді. Бірақ оның бәрі тек ойымда қалды. Онсыз да ауруы мен өзегін өртеген күйігі жанын жегідей жеп, азапта тұрған байғұсқа ондай сөздің өзі ауыр соғатынын бала болсам түсіндім.

Әкем содан кейін көп ұзаған жоқ. Арбасқан дерті ақырында алып тынды.

Мен талай зәулім үйлерде тұрдым. Анам марқұмға да, жарым мен перзенттеріме де қолымнан келгенінше, уайым-қайғысыз өмір сыйлағым келді. Әрбір қуанышқа кенелген сәттерімде әкемді есіме алушы едім. Тағдырдың менің әкеме соншалықты қатал болғанына налушы едім. Иә! Небір кездер өткен екен-ау басымыздан. Үйде жары мен перзенті, өзі ауруханада егіліп қасіреттің уын татқан жалғыз менің әкем бе еді!?

Ал енді сөйтіп өмірмен арпалысып жүріп алған білімді естен менің шығаруым мүмкін бе?

— Мүмкін емес, әрине, — деймін Қадыр ағамен келісіп.

— Бірақ сол кездегі балалардың бәрі, яғни замандастарыңыз, сіз сияқты дәрежеге неге жете алмады? Оқу-сызудан мүлде мақұрым қалып, әйтеуір, көптің бірі санатында өмірін өткізгендер де бар. Оқуға деген құштарлықтың арғы жағында мұратқа жеткізбей тынбайтын қайсарлық пен дарындылық болуы керек сияқты.

— Солай да шығар. Сенесің бе, жаңа терезеге қарап отырғанда қарлы жаңбыр кезіндегі әкемнің терезе алдында егіліп тұрған сол бейнесі көз алдымнан елес беріп өтті, — деп сөзін аяқтады Қадыр аға.

Пойыз Алматыға жеткенше көзім ілінбеді. Кітабын қолтықтап қарлы-жаңбырдан бетін қорғаштап томпаңдап келе жатқан кішкентай Қадыр. Оған қарап егіліп, тағдырына нала боп, терезенің жақтауын әлсіз, арық жұлдырығымен түйгіштеп тұрған сырқат әке. Кішкентай баласын жыртық көрпемен қымтап, әлдекімнің мал қорасында сиыр, қой, ешкілердің арасында күрсінгенде көкірегі өртеніп жатқан әйел көз алдымнан тізбектеліп өтіп жатты.

Сезіп жатырмын, Қадыр ағам көзін жұмып жатқаны болмаса, ұйықтап жарытқаны шамалы. Бір-біріміздің ойымызды бөлмейік деп, ұйықтаған болып жарты танды атырдық.

**Байғали
ЕСЕНӨЛП,
актер,
Қазақстанның
енбек сіңірген
қайраткері**





AINA

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru



www.jasqazaq.kz

БАЛА
БҒЫННЕ

Мен соғыс басталар-дың дәл алдында, наурыз айында өмірге келдім. Әкем сол жылы соғысқа аттанды. Анам қызылша фермасында жұмыс істеді. Ауылда әкем жағынан аталас туыс әжеміз болды. Бізді көрсе, мейірімін төгіп, бар тәттісін алдымызға төгетін. Ағам екеуміз ұйқыдан тұрғаннан кейін бір үзім нанды жеп, бір шыны айранды жұтып аламыз да, әлгі әжеміздің үйіне тартамыз. Одан кейін көршінің үйіне жиі барамыз. Тіпті үй көрмей, көршінің үйінде ұйықтап қалған кездер де болды. Осылайша, 1945 жылға дейін көшеде өстік. Балалық шағым өте қиын кезеңде өтті. Сұрқай, жылусыз тіршілік еді. Өйткені ауылда қалжыраған қарттар, әйелдер мен балалар ғана қалған. Қатарлас өскен балалардың әкелері де бірі қалмай сұрапыл соғысқа аттанды. Олардың арасында ағам екеуміз де әкемізді сарыла күтіп жүрдік. Оның аман-есен оралатынын іштей сездік. Әкем

мектептері біртіндеп жабыла бастады. Мектепте математика сабағынан үздік болдым. Сыныптастарымның барлығы менен көшіретін. Мектепті 19 жасымда бір-ақ бітірдім. Аяғым ауырып, денсаулығым байланысты екі жыл жіберіп алдым. Бірақ оқу ордасын күміс белгімен бітірдім. Соғыстың әсері болды ма, әлде ауылдағы күнгірт күйдің әсерінен бе,



Ұзақбай ДОСПАНБЕТОВ, жазушы

Жылусыз өткен балалық

соғыстан аман-есен келгеннен кейін, бауырларым өмірге келді. Көпбалалы отбасы болдық.

Жастайымнан кітапқұмар болып өстім. Дастан-киссаларды көп оқитынмын. Біздің кезімізде казак

ол кезде жаға жыртасып төбелеспейтінбіз. Ара-тұра аударыспақ, күресіп ойнағанымызбен, одан әріге бармаймыз. Біз көбіне дойбы, шахматқа құмарттық. Бала кезімізде ауылда бір жігіт болды. Шамасы ауыратын болуы керек. Ауруы ұстағанда, домалап жерге жатып алатын. Кішкентай бала



Оң жағындағы Ұзақбай Доспанбетов

жақтырмайтын. Сонда да үй тапсырмасын менен көшіретіндер көп еді. Ұстаздарым «математика саласына баршы» деп айтқандарына қарамастан, жазушылық жолды тандадым. Кішкентай кезімде көп кітап оқығанымның әсерінен болар, кітап әлемі мені жастайымнан баурап алды.

Балалық шағым сүренсіз өтті-ау деп ойлаймын. Өйткені ол заманда ешкімнің еңсесі биік болмады. Соғыстан баласын күткен аналар, жарын күткен келіншектер, әкесін күткен жауентекздердің жүзі әлі күнге дейін көз алдымда.

Жазып алған
Макпал НОҒАЙБАЕВА



Екінші қатарда, оң жақтан санағанда екінші бала
Ұзақбай Доспанбетов

БІЛЕ
ЖҮРҮҢІЗ!

Биіктігі 1 метрге жуық. Сабағы төрт қырлы, тұзу, жоғарғы жағында бұтақтары көп.

Жапырақтары жүрек тәрізді, гүлдері майда, көкшіл түсті. Егістік жерлерде өседі.

Емдік қасиеті

Дәрі жасау үшін оның жапырағын гүлдеген кезінде жинап алады. Құрамында С, К, В дәрумендері, пантотен қышқылы, уртицин глюкозиді, хлорофилл, құмырсқа қышқылы, фитостерин, каротин, кальций және тағы басқа заттар бар. Ғылыми медицинада қосүйлі қалақай өкпеден, жатырдан, ішектен, геморрой түйіндерінен, асқазаннан қан кеткенде қолданылады. Өсімдіктің құрамындағы хлорофилл денедегі зат алмасуын, жүрек пен өкпенің қызметін жақсартады. Қосүйлі қалақай - көптен жазылмай жүрген жараны емдеу, ағзадағы дәруменнің жетіспеуі мен қанның құрамын қалпына келтіру үшін бірден-бір ем.



Әбіш ИСКЕНДІРОВ
«Қазақстанның дәрілік өсімдіктері»

БАСПАСӨЗ – 2021

JAS QAZAQ



jasqazaq.kz

Жазылу еліміздің кез келген
«Қазпошта» бөлімшелері
арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032

Жазылу индексі 65032

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32

Жазылу мерзімі	Эврика пресс	Евразия пресс
1 айға	269	288
3 айға	807	864
6 айға	1614	1728
12 айға	3228	3456

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен ҚӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2245;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Ait-Astana» әуесқолының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

ҚЫСҚЫ
СПОРТ

Шаңғы
жас
талғамайды



Денсаулықты шыңдауға, қысқы спортпен айналысуға Алматы ең жайлы мекен. Қалада, әсіресе, шаңғы төбетіндер көбейіп келеді. Бұрынғы тауға бармайтындар жазықта жүгіру үшін шет жақтарға сабылатын. Универсиадаға арнап салынған Almaty Arena кешені шаһардың ішінде сырғанауға мүмкіндік беріп отыр.



Қазақстан шаңғышы журналистер клубының (SCIJ Kazakhstan) мүшелері кешенге барып, кәсіпқой спортшылармен әуесқой шаңғышылармен кездесті. Олар мұнда спортпен айналысамын деушілерге барлық жағдай жасалғанын көрді. Айталық, құрал-жабдығы жоқтар мұнда небәрі 2 мың теңгеге су жана шаңғы мен бөтенкесін жалға алады. Содан кейін ұзындығы

1,3 шақырым жолмен жүйтіксіз. Әбілқайыр Нұрқанов, Елдар Орысаев, Кристина Жаубасарова сияқты тәжірибелі шебер нұсқаушылар шаңғы тебудің әліппесінен бастап, түрлі тәсілі мен машығын үйретеді.



Шаңғы жолында балалар мен егде жастағылар да жүр. Бұл Алматыда салауатты өмір салтанатын ұстанатындар қатары көбейді деген сөз.

Талан ТІЛЕГЕН